

№ M00024 06.12.2021 ж

**Мектепте оқушылардың кәсіптік шеберлігін
қалыптастыруда еңбек тәрбиесінің жүйесі**

БЕКБЕРГЕНОВА КУЛЬШАТ СЛАМГАЛИЕВНА

*Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Наурыз ауылы,
Н. Бекежанов атындағы № 13 жалпы орта мектебінің
көркем еңбек пәні мұғалімі*

Еңбек тәрбиесінің маңызы мен мәнін дұрыс шешу оның міндеттері мен мазмұнын және жүзеге асырудың әдісі мен құралдарын айқындай білумен шарттас. Мектептегі еңбек тәрбиесі саласындағы басты міндеттер:

1. Еңбекке сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрметпен қарау.
2. Оқушыға техниканың қарқынды дамуын, өндірісте қолдануын, оның әлеуметтік-экономикалық мәнін ұқтыру.
3. Қарапайым станоктар мен құрал-жабдықтарды меңгертіп, олармен жұмыс істей білудегі білік дағдыларын қалыптастыру.
4. Өнімді еңбекке қатыстыру арқылы оқушының қабілетін, ақыл-ойын, ерік қасиеттері менқызығушылық, т.б. Тағылымдарын арттыру.
5. Еңбектегі ар, ұжданды сақтап, тиісті істі ыждаһатты атқарып, еңбекке деген ынтымақты жебеп, оған қажеттілік туғызу.
6. Кәсіби мамандыққа бейімдеу.

Орта оқу орындары жағдайында бұл міндеттердің орындалуы еңбек пәндерін өту арқылы, мектептегі түрлі еңбектерге қатысу және сыныптан тыс еңбектерді атқару, жазғы кездегі еңбек лагерлеріндегі жұмыстарды орындау барысында жүзеге асырылады. Еңбек тәрбиесі саласындағы іс-әрекеттің нәтижелі болуы оны ұйымдастырудың әдістемесі мен формасына байланысты екендігіне зейін қойып, оқушының еңбекке деген ынтымақын аударуға бағытталған таңдаулы даңқты еңбеккерлермен кездесу, экскурсиялар ұйымдастыру, еңбек акцияларын өткізу, бәсекелестік туғызу, т.б. Мән беру керек.

Еңбек тәрбиесі үшін өте маңызды еңбек сабағы, онда оқушылар еңбек үйренеді, техникалық білімді игереді. Еңбек сабақтары барысында оқушылар жалпы және техникалық білімге сүйенеді. Білім еңбек сабақтарының ғылыми негізі болады, ал еңбек сабақтары мен тәрбие барысында оқушылар алған өмір тәжірибесіне теориялық білім жүйесі арқылы түсінеді.

Еңбек сабақтарының процесін жетілдіру оқушылардың еңбекке зерттеу және шығармашылық қатынасын қалыптастырады. Оқушылардың өндірістік бригада базасында, оқушылардың еңбек және демалыс лагерлерінде ұйымдастырылған еңбек сабақтары туралы жағымды мысалдар аз емес. Оқушылар мектепте алған білімдерін пайдаланып, әр түрлі өсімдіктерді өсіреді, тәжірибелер жасайды, практикалық дағдылар мен іскерлікті игереді, кейбір мамандықтардың түрлерін меңгереді.

Осындай шығармашылық жұмыстың барысында химия, биология және өндіріс негіздері пәндері пәндері бойынша оқушылардың білімі байыйды тереңдейді, ғылыми-зерттеу ісіне қашықтанады, ауыл шаруашылық және өнеркәсіп еңбек дағдыларына ие болады, олардың кәсіптік бағдары тәрбиеленеді. Қорыта айтқанда, еңбек сабақтарының педагогикалық тиімділігі, олардың білім және тәрбие беру мәнділігінде.

Оқу еңбегі бала үшін ойға толы, ұзақ, инемен құдық қазғандай, ақыл-ойдың кемелденуін талап ететін ең ауыр еңбек екенін к.д.ушинский ескерткен болатын. Оқу еңбегінің күрделілігі, оның нәтижесі бірден айқындалмауында, оқушыларға әрдайым көріне бермеуінде.

Еңбекке тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері еңбек пәні сабақтарында шешіледі. Бастауыш сыныпта балалар қағаз қию, балшық пен пластилиннен бейне құру, өсімдіктерді күту, ағаш, пластмасса, қаңылтыр, сыммен жұмыс істеуді үйреніп, мектеп жанындағы үлесті жер бөлшектерінде еңбек етеді.

Ортаңғы сыныптарда арнайы бөлінген оқу-тәжірибелік үлесті жер бөлігіндегі, оқу шеберханасындағы еңбек, жоғары сыныптардағы өнеркәсіп және ауыл шаруашылық практикумдағы оқушыларды жалпы еңбектің білік, дағдыларымен қаруландырып, политехникалық ой-өрісін кеңейтеді, кәсіптік ниетін және өмір жолын қалыптастыруға икемдейді.

Сыныптан тыс үйірме және жаппай жұмыстың еңбек тәрбиесін іске асыруда тәрбиелік мүмкіндігі өте зор.

«жас натуралистер», «жас техниктер», «жас тәжірибешілер» және пән үйірмелеріндегі сабақтар оқушыларды еңбекке баулиды, олардың шығармашылық ойларының дамуына мүмкіндік туғызады. Әрбір оқушының үйірме сабақтарында еңбекке шығармашылық қатынасы байқалады, олар еңбегін ұйымдастыру тәсілдерін іздестіреді, ғылыми зерттеу дағдыларына (әдебиеттермен жұмыс істеу, жазып алу, мәліметтерді жинақтай білу т.б.) Төселеді.

Мектепті өндіріске жақындату мақсатымен техникалық үйірмелер саны көбейіп келеді. Мысалы, село мектептерінде “жас механизаторлар», «жас малшылар», «жас өсімдік өсірушілер» т.б. үйірмелер құрылған. Бұл үйірмелер келешек мамандықты тандап алуда оқушыларға ой салады. «олар әр мамандықтың болымды, болымсыз жақтарымен танысады, зерттейді, сөйтіп, өзімше тиісті шешім қабылдайды. Осыған орай, мұғалімдер мен ата-аналар оқушыларға үнемі, бірізді педагогикалық пікір айтып, кеңес беріп отырса, олардың мамандықты тандауда бірте-бірте шабыты, қызығушылығы арта түседі.

Үйірме жұмыстарын- жаппай жұмыстар толықтырады. Оқушылар қызғылықты, үлкен тәрбиелік мәні бар көптеген шараларға белсенді қатысады және оларды тікелей ұйымдастырды. Мұндай жаппай жұмыстарға «құстар күйі», «орман күні», «бақ аптасы», «еңбек мерекесі», т. Б. Жатады.

Өзіне-өзі қызмет ету — еңбек тәрбиесінің қажетті элементтерінің бірі. Балалар өзіне-өзі қызмет ете отырып, әр түрлі еңбек іс-әрекеттерін орындаудың тәсілдеріне үйренеді, өздерінің жауапкершілігін сезеді, бұл менің адамгершілік борышым дейді, сонымен бірге олар үлкендердің еңбегін бағалайды, олардан үлгі алады.

Мектеп жағдайында өзіне-өзі қызмет ету – оқу құралдарын, кабинеттерді, жиһазды, сынып бөлмесін, мектеп үйін жөндеу, сыныптарды, дәліздерді, шеберханаларды, спорт алаңдарын, мектеп үйлерін жинау, т.б.

Үйелменде өзінің-өзі қызмет етудің түрлеріне төсек-орынды, пәтерді жинау, киім, аяқ киім және басқа үй мүліктерін тазалау, кір жуу, үтіктеу, киімді жамау, тамақ дайындау, т.б. Жатады.

Мектеп және үйелмен алдындағы басты міндет бұл өзіне-өзі қызмет етудің берік жүйесін жасау, тұрмыстық еңбекті әр адамның күнделікті өмір игілігіне айналдыру қажет. Әсіресе мұндай әртүрлі тұрмыстық еңбекті орындаудың барысында оқушылар арасында байқалатын ақсаусақтыққа, нәуетектікке, жас шонжарларға жол берілмейді. Оларға дұрыс бағыт беру – мұғалімдердің, ата-аналардың және әрбір үйелмен мүшесінің адамгершілік борышы.

Мектепте білім беруді оқушылардың ақыл-оймен еңбек ету мәдениетін қалыптастыру – аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әрбір бала дер уақытында жақсы бағалар алып, оқуын жақсы нәтижелермен аяқтағанды қалайды. Дегенмен, түрлі себептерге байланысты: дәріс алудың сыртқы салдарларынан мәжбүрлік сипаттарына қарай, баланың өзінің жеке-дара мінез-құлығына байланысты (жалқаулық, мақсатшылдықтың болмауы), тұрмыс жағдайының күрделілігі сияқты, т.б. Себептерге байланысты мұндай тілектеріне барлығы жаппай, әрқашан қолдары жете бермейді. Оқушының оқуының төмен үлгерімде болуына кең таралған себептердің бірі – оқу, тәлім-тәрбие алу қызметінің ішкі түрткілерінің болмауы, сондай-ақ, парасатты қызмет әрекеттерінің әдіс-тәжірибесінің жеткіліксіздігі себеп. Осы себеп салдарға байланысты ақыл-оймен еңбек ету мәдениетін игеріп және оны дамыту

қажеттілігі туындайды. Бұл мәселеге л.и.рушинский, в.а.кан-каяик, т.б. Өз еңбектерінде көңіл бөлген.

Оқушының ақыл-оймен еңбек ету қабілетін қалыптастыруда жетекші факторлардың бірі —оның белсенділігі болып табылады. Белсенділік - жеке тұлғаныңқоршаған ортаға бейімделу қабілеті ғана емес, ол сондай-ақ, оқушының сол қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастық әрекетке түсуі, сол қоршаған ортаны оның өзгерте білуі. Ол жеке тұлғаның өзін қоршаған ортаның жалпы мәдени және кәсіби даму деңгейін көтеруге ұмтылып, талаптанумен, оқушының осындай талабының ішкі қажеттілігінен туындайды. Оқушылар өздерінің не істеп жүргендерін жете ұғынулары, оқуға үйренулері, өздері үшін жаңа білім көздерін өздері аша білулері керек.

Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда ақыл-ой еңбегінің мәдениетін қалыптастыру айрықша орын алады. Оқу еңбегінің мәдениеті оқушылардың ақыл-ой іс-әрекетінің сапасын сипаттайды. Еңбектену мәдениеті — бұл оқу еңбегін дұрыс жоспарлау және тиімді ұйымдастыру, оқу гигиенасы ережесін, сақтау, жұмыс орнын және қажетті материалдарды реттеу, оқу құралдарын пайдалана білу.

Ақыл-ой жұмысының дұрыс ұйымдастырылған- ырғағы демалыспен еңбек түрлерінің орынды ауысып келіп отыруын қажет етеді. Оқушы осылардың бәрін бірізділік пен жүйелі түрде басшылыққа алып отырса, оқу еңбегінің тиімділігі артады.

Оқу еңбегінің мәдениеті ақыл-ой іс-әрекетінің жалпы ережелерін білуді және оны өз еңбегінде басшылыққа ала білуін талап етеді. Жалпы ережелерді білу оқушының болашақ оқу еңбегіндегі өзіндік еңбек мәдениетінің тәсілдері мен стилін қалыптастыруға көмектеседі.

Ақыл-ой еңбегінде оқушылардың мәдениеті оқулықтармен ғылыми және әдеби кітаптармен жұмыс істегенде байқалады. Сондықтан оқушыларды жұмыс істей білуге дағдыландыру үшін оларды кітаппен жұмыс істеудің көптеген тәсілдеріне үйрету қажет. Олар: кітап мазмұнын ұтымды пайдалану, текстің түсініксіз жерлерін бөлу, текске сұрақтар қою, оларға жауап қайыру, жұмысты жоспарлау, конспектілеу, қысқаша желісін (тезис) дайындау т.б.

Оқушының, өзіндік жұмысы, одан білімнің әр түрлі саласына байланысты кейбір ерекше қасиеттерді талап етеді. Мысалы: жұмыс барысында жинақты бөлу; қиыншылықты жеңу; ақыл-ой қабілетін дамыту; естің әр түрлі формаларын пайдалану — логикалық, моторлы және көз қапері; бақылау, жазып алу т.б. Бұл қасиеттер тұлғаның өзін-өзі ұстай білуіне және жан-жақты сауаттылығына байланысты.

Сонымен еңбек тәрбиесінің нәтижесі оқушының еңбекті тіленіп қажет етуі, еңбекті атқаруға деген ықылас - ынтасы, оған қызығуы мен белсенділік танытып шын пейілімен атқарған ісінен ләззат алып, өнімді еңбекке орай кәсіби мамандық таңдауға деген құлқын айқындай түсу ниетінен көрінеді.

Бала тәрбиесі баршамызға ортақ

НӘБИЕВА АЙДАНА ТОЙЛЫБАЙҚЫЗЫ

Алматы облысы, Талдықорған қаласын.Өтенай ауылы.

№12 «Байтерек» бөбекжай тәрбиешісі

Тәрбие сөзі «тәрбие» араб-парсы тілдерінен енген, қазақ тіліне аударғанда «негіз» деген мағынаны білдіреді. Тәрбие деп үлкендердің кішілерге азаматтық қасиетін қалыптастыруға тигізетін әсерін айтады. Тәрбиенің өзі неше түрлі саладан, моральдық, интеллектуалдық, эстетикалық және еңбекке үйретуден, дене шынықтырудан құрастырылады. Тәрбиенің осы түрлері ерте дәуірден басталып келеді. Аталған салалардың жас өспірімдердің есеюіне тигізетін әсері күшті болғанымен, «тәрбие» деген терминді түсінуде ғалымдар арасында түрлі пікірлер кездеседі: бірінші пікір бойынша, баланың басы «таза тақта» (tabula rasa).

Сондықтан оның көкейіне не жазам десек, соны жазуға болады. Баланың келешекте кім болатынын түгелдей тәрбиеші шешеді. Тәрбиеші баладан келешекте қандай адам жасап шығарғысы келсе, бәрі қолынан келеді.

Екінші пікір бойынша, баланың көкейіне не болса, соның бәрін жазуға болмайды. Біреуді біреу тәрбиелей алмайды, әркім өзін-өзі тәрбиелеп, азамат қатарына жете алады. Соңғы пікір мына сияқты дәлелге сүйеді: ешкім баланың басына өсиеттерді енгізіп, оның рұқсатынсыз ісін, қылығын сол өсиеттерге бағындыра алмайды. Бала үлкендерді тыңдағысы келсе, тыңдайды, тыңдағысы келмесе, тыңдамайды, - өз еркі. Дәлелдің бұл түрі орынды сияқты. Бірақ бірінші пікірді жоққа шығаруға болмайды. Себебі тәрбиеші баламен тіл тауып, жақын қатынаста бола алса, онда баланы өзінің сөзіне көндіріп, біразға дейін жетелеп, оны тәрбиелеуде едәуір дәрежеге жете алады. Біз осы екі пікірдің әрқайсысына тән қолайлы жағын алып, тәрбиеге ұмтылатын баланың өзі, оның келісімінсіз бұл салада нәтижеге жетуге болмайтынын мойындай отырып, егер тәрбиеші баланың «кілтін» таба алса, онда тәрбие саласында үлкен нәтижеге жете алады дейміз. Осыған қарағанда тәрбиенің ең негізгі мәселесі баламен әңгімені қандай тақырыпта жүргізуде емес, онымен байланысудың «кілтін» тауып, тіл алдыра білуде.

Ал тіл алу не алмау неге байланысты? Баланың тіл алуы мынадай екі түрлі себептерге: біріншіден, балаға айтылған кеңестің мазмұнына, екіншіден, сол кеңеске ол қаншалықты құлақ асатынына тәуелді келеді. Мұны С. Л. Рубинштейн детерминизм (латын сөзінен «asterninare» – белгілеу) деп атаған болатын. Бұл принцип бойынша, баланың тәрбиеге көніп тіл алуы тек

үлкендердің өсиетіне ғана байланысты емес, сол кездегі оның көңіл – күйіне де тәуелді. Егер тәрбиеші балаға ұсыныс жасап, бәлендей тапсырманы орындау туралы қанша дәлел келтіргенімен, осыған оның көңілі болмаса немесе қасақаналықпен орындағысы келмесе, онда сол сөздерден нәтиже шықпайды.

Сонымен балаға тіл алдыру – қиын мәселенің бірі. Бала қайткенде тіл алатынын зерттеп, осы жөнінде тәсіл ойлап шығаратын – тәрбие педагогикасы. Бірақ тіл алудың не алмаудың психологиялық тұрғыдан себептерін зерттеп, осы жөнінде ұсыныстар енгізіп отыратын – тәрбие психологиясы туралы ілім. Бұл мәселе онай емес және оның өзіндік ерекшеліктері кездеседі. Тәрбие психологиясы сол ерекшеліктерді қандай тәсіл қолданғанда кеңес пен ескертпені жете ұғынып, өзінің ішкі ниетіне айналатынын тексеріп, тәрбие жұмысының қазіргі өскелең заманның талабына сай тәжірбиенің өріс алуына көмектеседі. Тәрбие психологиясы жаңағы детерминизм принципін басшылыққа ала отырып, оны тәрбие процесін дәлелдеуде қолданады. Мысалы, үлкендер тарапынан оқушыға арнап айтатын сөз оның тәрбиеге көнуіне себеп болса, ол оның ішкі ниетіне айналып, соған сәйкес барлық ісін, қылығын т. б. бағындырады. Ал мұның өзі соның нәтижесі болып табылады. Сондықтан тәрбие жұмысын зерттеуде психологтар әр себептің қандай нәтижеге апарып соғатынын тексеріп, осының өзіндік сырын ашып беруге ұмтылады.

Ал кеңестер мен ескертпелердің баланың тәрбиеленуіне әсер ете алуы неге байланысты?

Мұның себебі айтылатын сөздер мазмұнының тереңдігінде жатыр. Бірақ күнделікті сөздердің бәрі бірдей балаға ықпалын тигізе алмайды. Мұны айтылатын мәністің оқушының, сол кездегі жағдайы мен көңіл – күйімен санаса отырып, соған сәйкестендіріп, айта білмеуден кездеседі. Осыдан шығатын қорытынды тәрбиелеуге не қайта тәрбиелеуге көнбейтін баланың ішінде ешқандай жасырын сыр жоқ. Сондықтан тәрбиеге көнгісі келмеген кейбір балаларға «қиын» деп ат беру – қате. Мұндай бала кездескен жағдайда да бұл – сол баланың кемшілігі емес, әлеумет ортасының (соның ішінде ата – анасының, мектептің) кемшілігі.

Бұл айтылған мәселелер тәрбие жұмысын толық қамти алмайды. Себебі оқушыға тіл алдырудан басқа, оның азаматтық қасиетін және осыған орай, әдептілігі мен сыпайылығын, интеллектуалдық сапасын, эстетикалық талғамын дамыту қажет. Осыған қарағанда «тәрбие» деген ұғым бір жағдайда кең мағынада (осыған аталғын қасиеттер және оқыту процесі де жатады). Екінші жағдайда тар мағынада, яғни тіл алдыру, тәртіп сақтау мағынасында айтылады.

Ұлы адамдардың тәрбие жайлы жазған тағылымдарына тоқталсам, ХІ ғасырдың ақын, философ, қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұнның тәрбие тағылымының бастауы боларлықтай бір пікірін келтіруге болады: «Тәрбиенің барлық ұждағаттылығы, саласы мен түрі...

Өзара ұйымдасқан, ұйымшыл тату да тәтті адамдар құрамының, тобының – жетелі адамдар тобының, зерделі адамдар құрамын толықтыратындай биікке көтерілуі қажет. Тәрбие өз кезегінде, әсері мен ықпалында – мирасқорлы», пайдалы еңбектің көзі болуы шарт – деп ой түйеді. Бұл үлкен өсиет. Бүгінгі педагогикалық тұрғыдан алғанда үлкен ұжым тәрбиелейтін, педагогиканың бала тәрбиесіндегі басты мақсаты мен міндетін айқындайтын әдіс еңбек тәрбиесін ұйымдастырудың негізі десе болады.

Ғұлама Низами – адамды жетілдірудегі тәрбиенің рөліне ерекше мән берді. Ол - өз кездеріндегі болып жатқан ағартушылық, тәрбие мен оқу процесінің көріністеріндегі орын алып келген баланың дами отыра, жетіле алатын мүмкіндіктеріне сенбестік туғызатын көзқарастарға қарсы шықты.

Низамидың тәрбие тағылымдарында – халықтық тәрбиенің әсерлі құралы ретінде халықтың ауыз әдебиеті мен ана тілі, жазба әдебиеті мен өз халқының тарихы негізгі оқу пәні болуға тиіс деді. Ол өз шығармаларында, поэма мен дастандарында – тәрбиенің негізі жалпы адамгершілік деп есептеді. Адамгершілік – ақыл мен еңбектің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің жемісі мен нәтижесі деп уағыздады. Жас- тар махаббатын жырлау арқылы адамгершілік, эстетикалық тәрбиенің негізін салды. «Ләйлі –Мәжнүндегі» жеке адамдардың бас бостандығы, әйел теңдігі мен оның бостандығы, махаббат тақырыбы – бүгінгі адамгершілік, ақыл – ой, еңбек пен еңбек тәрбиесінің бастауы – негізгі сілемі. Низамидың тағылымдары, өзі өмір сүрген ой – пікірін, бүгінгі тұрғыдан талдасақ, оның шығармаларындағы білім мен тәрбиенің бүкіл жүйесінің өзегіндегі принцип – тәрбие мен білімнің халықтығы.

Омар Хаям өмір сүрген дәуірде айнала ортаны, халықты, оның ұлы адамдарын өз өлеңдерінде және рубайларында жырға қосып мадақтады. Адамның ұлылығы тәрбие мен білімге байланысты- деген ой түйді. Еңбек тәрбиесі, білім, жалпы тәрбие адамды ұлы етеді деді. Оны былай жырлады:

«Еңбек, білім, тәрбие
Басын қоссаң мәнді де
Үшеуін бірдей меңгерсең,
Жібермес Сені - өлімге!»

Үшеуінің мәңгілік категория, адамгершілік, еңбек тәрбиесінің бірлікте жүзеге асырылуын уағыздап тұрғандай. Ол еркіндікті аңсап, тәрбиедегі демократиялық бағытты – еркін тәрбиені жақтады. Оның өлеңдерінің сарыны адамды жан – жақты жетілдіру. Аз сөзбен көп мағына беру, бір шумақ өлең арқылы тәрбиенің бірнеше түрін бір адам бойына енгізу идеясы көрініп тұрады.

Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі – жастарды еңбекке баулу. Ол еңбек тәрбиесі – басқа барлық тәрбиенің негізі. Басқалары ақыл – ой, патриоттық эстетикалық, адамгершілік, экологиялық еңбек тәрбиесінің құрамдас бөлігі екенін дәлелдеп берді, оған өлең жолдарын, ғақияларын арнады.

№ M00036 07.12.2021 ж

Мен – жаңа ғасыр педагогімін

ХАБЫЛ ЖАНАРГУЛЬ

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың
№2 ЖОББМ. Бастауыш сынып мұғалімі

*«Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді.
Керемет мұғалім көрсетеді,
Ұлы мұғалім шабыттандырады»*

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе – ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе – бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Мен үшін қастерлі де, қасиетті мамандық ол – ұстаздық жол.

Мамандықты таңдау – әр адам үшін ең маңызды шешім. Мен үнемі Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін өзіме жол сілтер Темірқазық қып алдым. Сөйттім де «Ұстаздық» деп аталатын қиын да қызық соқпаққа алып барар мамандықты таңдауға бел будым. Өйткені мектеп өмірі мен үшін ыстық, тым жақын. Бала күнімнен санама сіңген қоңырау үні, 45 минуттық білімнің тылсым құдіреті өзіне шықыратын да тұратын. Осы арман желкені салиқалы да салмақты ұстаздарымның жолын жалғастыруға себеп болды.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, – деп, ұлы Абай атамыз айтқандай, мектеп ұжымындағы әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыпайылық, адамгершілік, еңбексүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді бойыма сіңірдім. Тәжірбиелі ұстаздардан шәкірттермен жұмыс жасау әдістерін, оларды жақсы көруді, көңілін таба білуді үйрендім Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолымдағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, ақпарат ағымында заманауи алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Б.Момышұлы «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» дейді. Ал ұстаздық – мен үшін биік шың іспетті. Өзіңнің аңсаған шыңыңа шығу үшін талай еңбектенесің.

Ал сол шынға жету жолындағы талай бұрмалаң да шатқал, қиын да қалтарыстарына төзе білетініме сенімім мол.

Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада,

Болу керек құдіретті төрт ана.

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамыңа шуақ шашар үнемі, – деп М.Шаханов ағамыз жырлағандай, адам баласының өміріндегі төрт ананның бірі болып табылатын – қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімі болу – аса жауапкершілікті іс деп білемін. Осындай жаһандану заманына тұспа-тұс келген біздің шәкірттеріміздің бойына ұлттық рухымызды сіңіріп, тілі мен дінін, ділін берік ұстанған ұрпақ оқыту, тәрбиелеу барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімінің мойынына жүктелетін міндет зор. Сондай-ақ қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты мәселе – жаңа форматты ұстаз қалыптастыру. Бүгінде ұстаздар қауымы үстелдің бір шетінде «мен ұстазбын» деп тұрып алмай, бақылаушы, жазалаушы, тексеруші қызметін әрі ысырып тастап, ізденуші, зерттеуші, шығармашылықпен жұмыс жасайтын жаңашыл болса деп ойлаймын.

Иә, мен қазіргі заман педагогімін. Осы жолда өз алдыма шәкірттерге терең білу барысында мақсаттар қойдым. Менің ойымша, қазіргі педагогикалық тәжірибеде тиімділікке қол жеткізу үшін Кембридж бағдарламасын жеті модульді сабақта тиімді пайдалану, яғни оқушыға өзіне дұрыс шешім табу және алға қойылған міндеттерді шешу үшін шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік беру керек. Мен өзімнің шәкірттеріме бағыт-бағдар беремін, ал алдымдағы шәкірт оны жүзеге асырады. Жан-жақты өз пікірлерін айтып, ойларымен бөліседі. Өз сабақтарымда қолданатын әдістер мен тәсілдер заман талаптарына сәйкес келеді және оқушыларыма ұнайды. Жаңа ғасыр педагогі, бұл – рефлексивті педагог. Әрбір мұғалім үнемі өзін-өзі жетілдіріп және де рефлексия тәжірибесінде ғана бұл өсуге ықпал етеді. Мен жұмыс жасап жүрген шағын жинақты мектепте әр түрлі оқушылар бар және әр оқушының ойлауы мен қабылдауы да әр түрлі деңгейде. Кей кезде жаңартылған білім беру жүйесінде топқа, жұпқа бөліп жұмыстану кездерінде қиындықтар да кездесіп жатады. Осындай кездерде шетел ғалымы Генри Фордтың «Бұған дейін жасағандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады» деген сөзін есіме аламын да, өзімнің тәжірибемде жинақтаған әдіс-тәсілдерге сүйенемін.

Менің шәкірттерім менен әр күн сайын жаңалықтар күтеді және олардың сенімін ақтамауға болмайды. Менің мамандығым менен тұрақты жұмылдыруды талап етеді. Мен бәсекеге қабілетті жастарды дамыту және тәрбиелеу үшін барлық жаңалықтарды білуге міндеттімін. Мен мұғаліммін, «Өз болашағымды» оқытамын, болашақ дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, әскери және барлық

болашақ мамандарын даярлаймын.

Менің түсінігімде, жаңа ғасыр педагогы – өз ісінің кәсіби шебері, ол білім көзі болып қалу ғана емес, оқыту үрдісінің белсенді қатысушысы. Әрбір баланы оқу үрдісіне тарту оңай, бірақ кейде мұны жүзеге асыру қиын. Тек әдістемені жақсы меңгерген педагог сыныптағы жұмысты дұрыс ұйымдастыра алады.

Қазір ХХІ ғасыр. «Заманға сай қадам басып барамын ба?» деген сұрақ мені де толғандырады. Жаһандану дәуірінің талаптарына сәйкес келе ме? Менің ойымша, бұған жауап: «жоқ» болуы да мүмкін емес.

Мен – жаңа ғасыр педагогімін. Мен өзімнің білімім мен біліктіліктілігіме сенемін, әр түрлі оқыту құралдарын тиімді пайдаланамын, сабаққа дайындыққа шығармашылықпен келемін.

Ал ең бастысы, менің біліктілігім, мен «Өз болашағымды» оқытамын!

Күзгі баққа саяхат

ШАЙҒАЛИЕВА ГУЛМИРА СЕМБАЕВНА

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жасқайрат селосы

"Өрімтал" бөбекжай балалар бақшасы.

"Балдырған" кіші тобының тәрбиешісі

Білім беру саласы	Қатынас, Таным	
Бөлім	Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Жаратылыстану, Құрастыру.	
Тақырыбы	«Күзгі баққа саяхат»	
Мақсаты	Күз туралы білімдерін толықтыру, көкөністер мен жемістерді сипаттай білуге үйрету. Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыруды жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын дамыту, сөздік қорын молайту.	
Сөздік жұмыс	Күз сыйы	
Көптілді компонент	Күз-осень, алма-яблоко, алмұрт-груша,	
Ресурстар	Күз мезгілінің суреттері, жемістер мен көкөністер муляждары, ағаштар, жапырақтар,	
Барысы		
ҰОҚ кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Тәрбиеленушінің әрекеті
Кіріспе бөлім	Жылулық шеңбер. Сәлем саған, Күннің нұры! Сәлем саған, Көк аспан! Сәлем саған, Жер ана! Сәлем саған, Қоршаған орта! Амансыңба, достарым!	Балалар жылулық шеңберін қызығушылықпен орындайды.
Негізгі бөлім	Тәрбиеші: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Сурет бойынша балалармен жұмыс жасау. Тосын сәт: Әдемі әуен ойнатылады. Қонаққа Әже келеді.	Балалар қазір жылдың күз мезгілі екенін айтады. Сұрақтарға жауап береді. Қуанады

	-Сәлеметсіңдер ме балалар! Тәрбиеші: -Балалар, бізге қонаққа Әже келіпті. Әже: -Балалар, сендер менімен саяхатқа шығасындар ма? Өте жақсы. Біз сендермен бау-бақшаға саяхатқа барамыз. Бірақ, балалар баққа саяхатқа бара жатқан жолда, кездескен тапсырмаларды орындасандар, тез жетеміз. Әуен ойнатылады. Жолда Бағдаршамды көреді. Тәрбиеші бағдаршамның көздерінің түсін сұрайды. -Балалар, біз бағдаршамның қандай түсі жанғанда жолдан өтеміз. 1-тапсырма: Құрастырғыш материалдардан, көкөністер мен жемістерді құрастыру. 2-тапсырма: Д/Ойын: «Құлыптың пішіндерін тап». Мақсаты: Заттың түсін пішінің дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек ұғымдарын қайталата отырып, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Сергіту сәті Қызыл гүлім-ай. Бау-бақшаға келеді. Тәрбиеші: -Балалар, қараңдаршы бақтың іші қандай әдемі. -Бау-бақшаның ішінде нелер өсіп тұр? -Мына ағаштағы алмалардың түстері қандай? -Жерде нелер жатыр? -Жапырақтардың түстері қандай? Апа: Балалар маған сендердің көмектерін қажет. Көкөністер мен жемістерімді	- Сәлеметсіз бе! - Здравствуйте! -Hello! -Иә -Жақсы -Жасыл Балалар жемістер мен көкөністерді құрастырады Ойынды қызығушылықпен ойнайды. Іс-қимылмен орындайды. Балалар сұрақтарға жауап береді. -Жемістер Қызыл, сары
--	---	--

	ажыратып жинап беріндерші. Көкөністер мен жемістерді көрсетіп атауын сұрайды. -Мынау не? (алма, алмұрт, жүзім, апельсин) Екінші себетке көкөністерді атап салады -Мынау не? (картоп, сәбіз, қияр, қызанақ, орамжапырақ) Көптілді компонент: Күз-осень, алма-яблоко, алмұрт-груша. Апа: Балалар, қараңдаршы мына жерде үлкен шалқан өсіп тұр. Сендердің маған тағы да көмектерін керек, мына шалқанды жұлып алайықшы. «Шалқан» ертегісін рөлге бөліп ойнау. Тәрбиеші: -Балалар, мен сендерге қызықты тәжірибемді көрсеткім келіп тұр. Әже мен тәрбиеші сумен балаларға қызықты тәжірибе көрсетеді. -Балалар, сендерге көп рахмет. -Мен сендермен қоштасамын. Сау болыңдар!	-Жапырақтар -Сары, қызыл, жасыл Жемістерді атайды Бір-бірінің жауаптарын толықтырады. Балалар қайталайды. Балалар, қызығушылықпен қарайды. Рахмет. -Сау болыңыз! -До свидания! -Good Bye!
Қорытынды бөлім	Қорытындылау. -Біз саяхатқа қайда бардық? -Бақта нелер өседі екен? -Қандай жемістер өседі?	Тәрбиешімен бірігіп қорытындылау.

№ M00041 07.12.2021 ж

Баядилова Назгул Турсынгазиновна

ШҚО Жарма ауданы Шуақ ауылы «№236 орта мектебі» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім:3	Ынтымақты отбасы	
Мұғалімнің аты-жөні, тегі	Баядилова Назгул Турсынгазиновна	
Мерзімі:	06.12.2021ж	
Класс: 3а	Оқушылар саны: 13	Қатыспаған оқушылар: 0
Сабақтың тақырыбы №15	Бәрі де сүйіспеншіліктен басталады.	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	Сүйіспеншілік – рухани құндылық. Сүйіспеншілік адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас ретінде. Адамдық сезім мен эмоциялардың көрінуін ажырата алады, қайырымдылық, жомарттық, кеңпейілділік таныта алады.
Құндылық	Сүйіспеншілік
Қасиеттер:	Жақсылық жасау, қамқорлық, мейірімділік.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға бәрі де сүйіспеншіліктен басталатындығының маңыздылығын түсіндіру арқылы жалпыадамзаттық Сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.
Сабақтың міндеттері	- оқушыларға «риясыз жақсылық» ұғымын ұғындыру; - оқушылардың айнала қоршаған ортасына «жақсылық жасау» қасиетін дамыту; - оқушыларды мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңдері / Уақыт	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (1 мин) 1. Жағымды көңіл күй (1-3 мин)	Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысуын тексереді. 5 «Т» ережесін еске түсіру. <i>«Жылылық шеңбері» жаттығуын өткізеді.</i> Мұғалім балаларға шеңбер айналасында жылы лебіздерін білдіруін ұйымдастырады. <i>«Жылылық шеңберін» құра отырып, жанында тұрған досы, сыныптасының жақсы қасиеттерін ізгі сөздермен, көтеріңкі көңілмен, күлімдеген көзбен жеткізуін сұрайды.</i> <i>Қайырымды жандар айнала ,</i> <i>Шеңберге келсін жайлана.</i> <i>Жалықпастан қайта біз,</i>	Оқушылар сабаққа дайындығын көрсетеді. Оқушылар жылы сөздерді бір-біріне күлімдеп кезекпен айтып шығады. Жылы сөз айту арқылы, жағымды күйге келіп, жақсы сөз арнауға , бейімделеді.	Оқулық, мұғалімде рге арналған әдістемелік құрал, Ф. Шопеннің "Мечта" аудиожазбасы https://zvooq.eu/

	<i>Сүйіспеншілікпен жылы сөз айтамыз, – деп</i> <i>лебіздер тізбегін бастап береді.</i> <i>Мұғалім оқушыларға ризашылығын білдіреді.</i>		
2. Үй тапсырма-сын тексеру (әңгімелеу) (3-5 мин)	Үйге берілген «Сөз сыры» сөздерінің мазмұнын сұрайды. Мұғалім сұрақтардың көмегімен оқушыларды «Сәлем-сөздің анасы» ұғымының маңыздылығын түсінуге ұмтылдырады. Сұрақтар: «Жібі түзу» «Бас десе, құлақ дейді...» «Жүрек жұтқан» деген сөздердің мазмұнын қалай түсінесіңдер? <i>/постер құрастыру/</i>	Оқушылар сөздер мазмұнын айтады. Сұрақтардың көмегімен оқушылар адамдардың бір-біріне жақсы тілек тілеуі, жылы сөз айтуы, қамқорлық көрсетуі, жақсылық жасауы арқылы адамдардың бәрін жақсы көруге болатындығын түсінеді.	Оқулық 62-65 бет
3. Жағымды ой-пікір (дәйексөз) (3-4 мин)	<i>«Сүйіспеншілік жүректе»</i> - <i>Нақыл сөз</i> -Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? -Адам сүйіспеншілігін қалай сезуге болады? Мұғалім дәйексөзбен таныстырады. Дәйексөзді дауыстап оқып береді Оқушыларға дәйексөзді қайталап, дәптерге жазуды ұсынады. Мұғалім оқушылардан дәйексөздің мағынасын қалай түсінгендерін сұрайды. Мұғалім оқушылардың жауаптарына сүйене	Оқушылар нақыл сөздің мағынасын талқылайды, оны 2-3 рет қайталайды және дәптерге жазады. Адамдарға риясыз сүйіспеншілік таныту айналаға жылулық таратып,жарыққа шығарумен астасып жатқандығы туралы ой түйіндейді. Кез келген адам жүрегінен жылулық бере алатындына көз жеткізеді.	Презентация,слайд. Жұмыс дәптерлері

	отырып, өзі қорытынды жасайды.		
4. Оқып үйренейік (әңгімелесу) (3-7 мин)	Ендеше, бүгінгі сабағымыздың сыйы ретінде Ғарифолла Есімнің «Ақ жауын» әңгімесін тыңдауға шақырамын. Сұрақтар: 1. Жолаушылардың қиналу себебі неде? 2. Барақ бір жұтым суды кімге бермекші болды? 3. Олар судан неліктен бас тартты? 4. Барақ іс-әрекетіндегі сүйіспеншілік неде? 5. «Сүйіспеншілік адамға қуат береді» дегенді қалай түсінесің? 6. Өмірдегі басты нәрсе не деп ойлайсың? Өзің жақсы көретін адамдар үшін не істей алар едің?	Оқушылар арасында оқиғаға талдау жасайды. Шығарманы талдау барысында мұғалімнің рухани тұрғыда қойылған сұрақтарына жауап береді. Айналасындағы қоршаған әлемге риясыз сүйіспеншілік таныту: жақсылық жасау, қамқорлық көрсету асыл қасиеттер екенін ұғынады. Мейірімділік таныту адамдарды бақытқа бөлейтінін, шаттыққа кенелтетінін түсінеді. Сол арқылы басқа жандардың (жан-жануарлардың, құстардың) жан дүниесін түсіну, сезімтал болу, өз сүйіспеншілігін білдіру түсінігі мол адамның ісі екендігіне көз жеткізеді. Өз бойындағы биік адамгершіліктің белгісі екенін ұғады.	

5. Шығармашылық жұмыс (12-15 мин)	Мұғалім оқушыларды 3 топқа біріктіреді және әр топта жұмыс ұйымдастырады. Сабақтағы алған білімдерін іс жүзінде қолдануға бағыттайды. 1- «МЕЙІРІМДІЛІК» «Барақ жігітке хат» жазу . Әңгімелеу кезеңіндегі «Ақ жауын» шығармасындағы Барақ жігітке арнап хат жазу тапсырылады. 2- «СҮЙІСПЕНШІЛІК» «Сүйіспеншілік тамшылары» Оқушыларға алдын ала дайындалған тамшы үлгісіндегі қима қағаздар үлестіріледі. Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін жазып жеткізуін тапсырады. 3- «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ» «Өз сүйіспеншілігің туралы» ой толғау жаз. Өз ойларын жазады.	Барақ жігітке өз жанынан хат жазу арқылы айналаға мейірімділік танытудың маңызын терең түсінеді. Барақтың бойынан табылған қасиеттерді өзіне үлгі етеді. Тақтадағы қағазға тамшыларды іледі. Тамшы ілініп жатқанда, әр бала өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын жария етеді. Әрқайсысының тамшыдай жасаған жақсылықтарын қосқанда үлкен дарияға айналатындығын ұғынады. Өз бойындағы сүйіспеншілік қасиеттер туралы жазады.	баяу әуен қойылады. 
6. «Сүйіспеншілік елінде» (2-3 мин)	-Сүйіспеншілік бастауы - Сүйіспеншілік түрлері: Өзімшіл сүйіспеншілік Өзара сүйіспеншілік Риясыз сүйіспеншілік «Сүйіспеншілік елінде» Оқушылардың санына сәйкес алдын ала	Суреттер мазмұнын ашу Оқушылар пікірі	

	дайындалған күн сәулесі қиылған қағаздар үлестіріледі. Әр сәулеге сүйіспеншілік таратудың жолдарын жазып, түсіндіруін тапсырады.		
Сабақтың қорытынды сәті (1мин) «Мейірімді жүрек» тілек ағашына жазу	Мұғалім оқушыларға бүгінгі сабақта айтылған жақсы қасиеттерді еске түсіріп, оны жүрегіне сақтауды ұсынады. Мұғалім оқушыларға әркез сүйіспеншілік жасауға шақырады. «Мейірімді жүрек» Оқушыларға алдын ала дайындалған жүрекше қағаздарға жақсы көретін адамға арнап тілек ағашына жазуды ұсынады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған оқушыларға эмблема таратылады.	рефлексия «Тілек ағашы» «Мейірімді жүрек» мадақтау	Баяу музыка ойналады. 
8. Үй тапсырмасы (1-2 мин)	«Ақ жауын» әңгімесін оқып, сұрақтарға жауап беруді ұсынады.	Оқушылар үй тапсырмасын жазып алады.	Оқулықтан №15 сабақ, 68-70 беттер

№ M00064 09.12.2021 ж

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау
технологиясын тиімді қолдану**

НАЗАРБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ТҮГЕЛБАЙҚЫЗЫ

Түркістан облысы Жетісай ауданы Ә. Оспанов ауылы

Аманкелді атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу;білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге,жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабылеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы,мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып,шешімді,саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-күр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм, дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына, синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.

2.Сенімділікке тәрбиелеу.

3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.

4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.

5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.

6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.

7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?»деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі.

Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

- **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға

көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шындалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.

1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ;

2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірлеме дайындалды ;

3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.

2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:

- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттарен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.

**Тәрбиешінің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының
тәрбие үрдісіндегі алатын орны**

ТОҚТАРБАЕВА ЖАДРА ЕРЛИКОВНА

*Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы
"Өрел ауылындағы "Балдырған"бөбекжай-бақшасы"
Педагог-психолог*

Қазіргі кезде балабақша мен отбасын ынтымақтастықты орнатуға немқұрайлық пен қарау орын алып отыр. Бұл күн көріс жағдайымен отбасында балалар тәрбиесіне көңілдің бөлінбеуі, ата-аналардың жиналысқа келмеуі, тіпті мектеппен байланыс жасауға талпыныстың болмауына әкеліп отыр. Өкінішке орай, көптеген тәрбиешілердің, әсіресе, жас мамандар арасында ата-аналармен жұмыс жүргізуге дайындықтың төмен екендігі айқындалды. Қала әлеуметі мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты орнатуда балабақша психологі орны ерекше. Нарықтық экономика жағдайында ауыл тұрғындарының әлеуметтік деңгейлері әр түрлі болғандықтан, әр отбасында тәрбиеленуші мектеп жасына дейінгі балалардың да мұқтаждықтары әрқалай қанағаттандырылады. Осы орайда бұл мамандық иелері ата-ана мен бала, бақша мен ата-ана арасындағы қарым - қатынасты орнықтыруды ғылыми тұрғыдан дәйектеп мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне үлес қосады, жеке тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасының ортаның, билік орындарының арасында байланыс орнатып, оқушылардың құқықтарының жүзеге асуына, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге, жалпыға білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектесіп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Ы.Алтынсарин негізін салған қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие үрдісінің қазіргі ақпараттандыру ғасырындағы жаңа білім жүйесінің өзегіне айналуы мектептің мемлекеттік білім беруді ғана емес, сонымен қатар ол баланың үлкен өмірге дайындайтын әлеуметтік орта қызметін атқаратын мекеме екендігін де көрсетеді.

Отбасы - ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адам баласының әлеуметтік ортасы.

Халықтың салт-дәстүрлері мен әдет - ғұрыптарының сақтаушысы, сондықтан, отбасы тәрбиесі халықтың ой-арманымен, әр түрлі іс-әрекетімен мол тәжірибесімен және ұлттық дәстүрімен байланысты дамып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи мұра.

Отбасы туралы халықтың түсінігі бірнеше ғасырлар бойы күнделікті тұрмыс және өмір тәжірибесіне сүйену негізінде пайда болған. Халықтың өз тәжірибесіне, сеніміне сүйенсек, әдет-ғұрыпты, дәстүрді және тәрбие әдістерін анықтау және оларды қолдану, үй жағдайында демалыс күн ырғағын жасау, еңбек, оқу қызметін ұйымдастыру, ата-аналардың, балалардың, олардың жақын туған-туыстарының араларындағы өзара қатынастардың үйлесімді нормаларын жасау отбасы арқылы орындалып отырған

Отбасы ең алғашқы жастарды тәрбиелеу ұясы. Оның негізгі мақсаты балалар тәрбиесі. Отбасындағы ең басты тұлға - ана мен әке, ата мен әже балаларды қазақ халқы өте жоғары бағалайды, сыйлайды, ізет етеді. Мұның мәні - үлкен кісілердің даналығын, олардың ғасырлар бойы тұрмысы өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекетінің барысында жинақталған мол тәжірибесін байыта отырып, бұл дәстүрді одан әрі дамыта түсті.

Қазақ халқының тарихы өте бай. Отбасы үшін ежелден келе жатқан тән қасиеттің бірі баласын жанындай көруі. Әрбір отбасында балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, денесін шынықтыру, үлкендерді құрметтеу, туысқандық кең байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар жасау осының бәрі қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты болған. Отбасында әрбір ана өз баласын кірлі көйлек кигізбей, дәмсіз тамақ ішкізбей, ыстыққа күйгізбей, суыққа тоңғызбай, қатты жерге жатқызбай өсіріп, баласын өнегелі жігіт, озат мал өсіруші, он саусағынан өнер таматын шебер етіп тәрбиелеуді арман етті. Ал бала туу ана мен әке үшін үлкен оқиға, отбасылық салтанат болып, жақсы ниет, мерекемен аяқталу дәстүріне айналған.

Кең байтақ қазақ даласында өсіп өмір сүретін балалардың тәрбиесі олардың ата-аналарының күнделікті іс-әрекеттері мен көшпелі тұрмыс қалпына байланысты болған. Балаларды жастайынан тіл алғыштыққа, тәртіптілікке, жауапкершілікке, үлкендерді сыйлай білуге үйреткен. Сондықтан жас ұрпақ үшін кеңес, өсиет және басқа да инабаттылық ұғымдар отбасында мінез-құлықтың нормасына айналған.

Мұндай өмірлік мәні бар мәселелерді шешуде отбасы мүшелерінің бірлігі, олардың түсінушілігі мен дүниеге көзқарастары нығаяды, ата-аналар мен балалар арасындағы мейірімді қарым-қатынас бір қалыпқа түседі, отбасында белгілі ереже жасалынады, ал олар барлық отбасы мүшелері үшін жазылмаған заң болып қолданылады.

Жастардың өнегелі тәрбиелілігінің басты белгісі - үй және мал шаруашылығын басқару тәсілдерін, жеке адамның ізгі қасиеттерін білу.

Олар: ұйымдастырушылық қабілетін, еңбекқорлық, табандылық, тапқырлық, қамқорлық, ерлік т.б. Ересек қазақ балалары мен жігіт жасындағы жастар ұлы қазан төңкерісіне дейін арнайы мектепте оқып білім алған жоқ. Олар өмірден, күнделікті тұрмыстағы тәжірибеден әдептілік ұғымдарды үйренеді. Халық аузындағы мақалдар мен мәтелдерді және ертегі әңгімелерді, басқа халық тағылымын қабылдап, мәнін түсінеді. өйткені, бұл фольклорлық шығармаларда жеке адамның мінез-құлқы нақты көрсетілген, достыққа адалдық, шындық, еңбек сүйгіштік сияқты имандылық қасиеттер жайлы психологиялық-педагогикалық ойлар берілген, отбасында, қоғамда жеке адамдар арасындағы қатынас нормаларының қалыптасуы көрсетілген.

Мысалы, «Татулық-байлық», «Қадіріңді білгенге жұмса», «Растық жауған қардан, сауған сүттен ақ, судан таза», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Жақсыда кек жоқ», «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Адам болар баланың кісіменен ісі бар», «Досыңа достық - қарыз» іс дұшпаныңа да бол» т.б.

Ата-аналардың әржақты іс-әрекеттерінің түрлерін талдап жинақтасақ жанұяда тәрбиенің екі саласы халық педагогикасында үлкен орын алады. Олар: ана мен әке тәрбиесі, ата мен әже тәрбиесі.

Ана мен әке тәрбиесі - бұл өзара ынтымақтастық, тілектестік мақсатқа сәйкесті тәрбие, дене тәрбиесін іске асырудың жолдары мен тәсілдерін іздестіру арқылы ұлдары мен қыздарын адалдыққа, кішіпейілдікке, инабаттылыққа, қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, еңбек сүйгіштікке, ұстамдыққа, төзімдікке, өмірдегі табиғаттағы сұлулықты сүйуге, қазақ халқының дәстүріне тәрбиелейді

Қазіргі кезеңнің өзінде де балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлау ана мен әкенің тікелей борышы. Жастар отбасылық өмірге даярлау кезеңінде жыныстық тәрбие адамгершілік тәрбиесі жүйесінде іске асырылады.

Жаман өнеге жұқпалы болады. Туған ана мен әкенің теріс қылықтары мен мінездері жыныстық тәрбиеге үлкен бөгеуіл жасайды. Олардың жыныстық қатынас мәселелерінде байқалатын ұстамсыздық, жеңілтектік мінездері ерлі-зайыптының опасыздығы, неке бұзушылығы бала жанына зор жарақат келтіреді. Бұл моральдық жағынан ұстамды отбасылар жыныстық қатынастардың дұрыс дамуына игі әсер етеді. Ұлы педагог А.С.Макаренко балалардың жыныстық тәрбиесінің бірқалыпты және адамгершілік тұрғысынан дамуына ана мен әкенің жауапты екендігін ескертті. «Жыныстық қатынастардың жоғары мәдениеті, біздің алдымыздағы маңызды қоғамдық мақсаттардың бірі болуы тиіс»-деп айтып кеткен болатын.

Ата мен әже отбасының ұйытқысы, отбасы мүшелерінің тірегі, үлгілі өнерге көрсетуші, ақыл айтушы, балаларын, немерелерін өсіріп тәрбиелейді, еңбек етуге, жолдама береді, дайындайды.

Ата мен әже тәрбиесі арқылы ұрпақ өзінің шыққан тегімен, шежіресімен туған-туысқандарымен, құрбы-жекжаттарымен, тәрбиенің мән-мағынасымен танысады. Сонымен бірге, отбасы құру, үй болу, еңбек етуге әрекеттенеді. Жастардың үй, мал және егін шаруашылығын басқару кәсібінде үйренуіне, қабілетінің дамуына ата мен әже тәрбиесі игі әсер етеді.

Қазақ халқы «Отан отбасынан басталады» - дейді. Олай болса отбасы тәлім-тәрбиенің негізгі көзі, түп қазынасы. Қанша заман өтсе бабаларымыздың мол тәжірибесіне, тағылымы мен дәстүрлеріне және отбасы тәрбиесінің негіздеріне сүйене отырып апа, ата, анасы мен әкесі ұрпақтың шын азамат болып өсуіне қамқорлық жасаған.

Ғасырлар бойы қазақ отбасылары жас ұрпақты тәрбиелеуде көптеген әдістерді қолданып келген. Олар: түсіндіру, үйрету, сенім, мадақтау және мақұлдау, ымдау, үлгі-өнеге көрсету, насихат, жазалау т.б. Бұлардың көпшілігі қазіргі кездегі педагогика мен психология ғылымдарының саласында қолданылып жүрген әдістер және тәсілдер мазмұны мен мақсатқа сәйкестілігі жағынан бір-бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырады. Сондықтан біз олардың кейбір түрлеріне ғана тоқтамақшымыз. Ымдау - бұл өте нәзік тікелей немесе жанама түрде жеке адамға әсер ететін тежеулі әдістердің бірі.

Балаға ымдау арқылы тікелей тапсырма берудің үлкен тәрбиелік әсері бар. Әрине, бұл тапсырманың мәніне, тәрбиешінің беделіне ықпал жасата білу шеберлігіне байланысты. Мысалы, сіз берілетін тапсырма түсінікті болып, балаға инабатты тәрбиелік әсер етсе, онда тәрбиеші оған толық сенім білдіреді.

Ымдаудың жаңа түрін тәрбиеші қазақ мақалдарын да қолданып іске асырады. Мысалы: «Қызым, саған айтамын, келінім сен тыңда», «Ақылды адам үшін ымдау да жеткілікті» т.б.

Халық педагогикасында жазалау әдісінің бірнеше тәсілдері бар. Олар: ұру, соғу, қорқыту, сабау т.б. Бұл әдістер отбасында осы уақытқа дейін қолданылып келеді. Мұның себебі неде? Біріншіден, кейбір отбасында жабайы әдет-ғұрыптардың, ескі көзқарастардың байқалуында; екіншіден, әке мен ананың отбасында да өктемдік жасауында.

Жоғарыда әңгіме арқауы болған тұжырымдарды жинақтаумен келесідей қорытындылар жасауға болады:

- отбасының ықпалы басқа тәрбиелік әсерлердің бәрінен де күштірек. Жас ұлғаюмен ол әсер бәсеңдеуі мүмкін де, бірақ ешқашан өз маңызын жоймайды;
- қандай да бір басқа жағдайларда қалыптасуы мүмкін болмаған сапа-қасиеттер тек отбасында ғана өрісін алады;
- отбасында тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамның азамат мүшесі отбасында бастау алады, қоғам келбеті отбасынан көрінеді;
- салт-дәстүр жалғастығын қамтамасыз ететін отбасы;
- отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері - азамат тәрбиелеу, патриот қалыптастыру болашақ отбасы иегерін кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру;
- отбасының кәсіп таңдауға да тигізер ықпалы орасан.

Жалпы мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлға болып қалыптасуына атананың беделі және ықпалы зор болып келеді. Өйткені бала жақсыны да, жаманды да өзінің ата-анасынан алса, екіншіден - айналасындағы адамдардан алады. Осы жерде ата-анасы балаға оның жеке тұлға болып қалыптасуына өз үлесін қоса отырып, оған дұрыс тәрбие беріп баласына көп көңіл бөлуі тиіс. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық қалыптасуы бірден - бір себеп болатын оның – отбасы, өскен ортасы өзінің ықпалын тигізеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы отбасы өмірінің тұрмыс - тірішлігін ұйымдастыру, көңіл-күй адамгершілік тынысы, қалыптасқан отбасылық дәстүрлері сияқты барлық саласымен тығыз байланысты.

Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, жанұя мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет.

Келер ұрпақтың бойына дарытып, өн бойынан көргіміз келетін адамзаттық асыл қасиеттердің жиынтығын алдымен тәрбиеші өз бойынан табуы тиіс оларды шәкіртімен қарым-қатынаста шынайы түрде іске асырмай, тәрбиеші - ата-ана, қоғам, тіпті болашақ алдындағы жауапты деген құштарлығын оятатын, бойындағы бар қабілет мүмкіндігін алып шығатын күш - осы рухани - адамгершілік құндылықтар мен талғам-таланты. Оқыту мен тәрбиелеудің, біртұтастығын, сонымен қатар баланың шығармашылық қабілетін шыңдауда, саған барар жолда адамгершілік эстетикалық құндылықтардың маңыздылығын айқындауға апарар жол көп.

Бала тәрбиесі баршаға ортақ десек те, ата-ана тәрбиелерінен кейінгі жас ұрпақ бойында жақсы қасиет, адамдық құндылық, талғам мен талантты жетілдіру - тәрбиеші мен мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Сондықтан да оқыту мен тәрбиелеудің бір-бірінен бөлінбейтін біртұтас процесс ретінде қарастыруымыз керек. Балаларды адамгершілікке, әдемілікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор болып келеді. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің жас шамаларына қарай ертегі, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды сүйсініп тындайды. Жалпы адамзат ес білгелі өзінің ұрпағын тәрбиелеумен келеді, ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Сондықтан да біздің қазақ халқы бала тәрбиесі баршаға бірдей деп бұрынғы кезде бүкіл ауыл аймақ болып баланы тәрбиелеген. Бала тәрбиелеу өте күрделі мәселелердің біріне айналып отыр.

«11 сынып бітірушілерге арналған» психологиялық тренинг

АКТАНОВА КАРЛЫГАШ ЕЛДОСОВНА

Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Кеңсай ауылы КММ

«Кеңсай орта мектебі» Психолог

Мақсаты: оқушылардың мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, жіктелу белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта-ықыласын, қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

- кәсіптік мамандық таңдаудың негізгі типтері мен факторлары туралы түсінік беру;
- кәсіптік мамандықтарға деген ынта-ықыласын, қызығушылықтарын анықтау;
- кәсіптік бағыт-бағдар беру;

Қажетті құрал-жабдықтар: А4 беттер, қалам, мамандық аттары жазылған карточкалар.

Тренинг ережесі: 1мин

- біреуі сөйлейді, басқалары тыңдайды;
- болып жатқанға белсенді қатысу;
- әркім өз пікірін білдіруге құқылы;
- пайда болған ой, сезімдерінді осы жерде және дәл қазір айт;
- «басынан» «аяғына» дейін жұмыс істеу.

Кіріспе сөз. 2мин

- Оқушылар! Біраз күн ғана қалды, алдымызда үлкен сынық тұрғанына! Сендер осы күнге дейін оқып тоқыған білімдеріңді көрсететін күнде жетіп қалды. Бірақ сол сынақ күні өз-өзімізді түсірмей, жақсы көңіл-күймен баруымыз қажет. Күш –жігерімізді жинақтап, бойымызды жаман ойлардан аулақ ұстап, миымызды демалтуымыз керек. Дайын болсақ бүгінгі психологиялық сабағымызды, орнымызға жайғасып бастайық.

1. «Танысу» жаттығуы 5мин

Шарты: Әрбір оқушы өздерінің есімдерін атап, таңдаған мамандықтарын, қоғамға тигізетін пайдасы, еліктейтін адам туралы айтып шығу керек.

2. «Болашақтан хат» жаттығуы. Кіріспе әңгімеселесу. 15мин

-Оқушылар! Сендер есейіп, мектепті аяқтап қалдыңдар, жан-жақты қанат қағып, ұшатын кездерің де жақындап қалды, көптеген , қушылар болашақта кім, қандай маман иесі болатындығын біледі.

Мен барлығыңның армандарыңның орындалғанын қалаймын, ал енді мына нәрсені ойланайық.

Үлкен білім әлеміне лағаш есікті айқара ашатын адам туралы сыр шертейік. Иә, әрине, ол-ұстаз. Ал енді алғашқы хатты жазып, жаттығып көрейік. Ол үшін сендер өздеріңді мектеп бітіріп қойдым, ересекпін, жеке өмірім бар деп елестетіндер.

Талқылау: Қандай сезімді бастан кешірдіңдер? Қандай ойлар туды?

3. Сергіту. «Мамандықты тап» жаттығуы 10мин

Оқушыларға карточкаларға жазылған мамандықтар таратылады, ал олар сол мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысу.

Талдау: Жаттығу қандай қиындықтар тудырды?

4. «Мен-жұлдыз» жаттығуы. 10мин

Мақсаты: оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру.

Шарты: Жаттығу шеңбер бойымен жүреді. Әрбір қатысушы өзіне тән бір белгі тұлғаны алады. Мысалы: Роза Рымбаева, президент, ертегілер кейіпкері, әдеби кейіпкері т.б бейнелерді алуға болады. Содан қатысушы өзіне презентация жасайды. (вербалды немесе вербалды емес түрде: жест, мимика, мінез-құлқы, жүріс-тұрыс ерекшелігімен де көрсетуге болады) Қалған қатысушылар осы «мақтан тұтатын» адамды табулары тиіс және көшемет көрсетулері қажет.

Талдау: Сізге мақтан тұтатын тұлға таңдау кезінде қиындық болды ма?

Таңдаған тұлға бойында екеуіңнің ұқсас қасиеттерің бар ма? Қандай сезімде болдыңыз? Барлығы түсетіндей етіп таңдаған тұлғаңызды көрсете алдыңыз ба? Қай жерде оңай болды тұлғаны көрсету ме әлде табу ма?

5. Қорытынды. «Алған әсерім» жаттығуы 2мин

Шарты: Қатысушылар алған әсерін шеңбер бойымен айтып шығады.

Талдау: Тренинг кезінде қандай қиыншылықтар туды? Қай жаттығу көбірек ұнады? Қандай сезімде отырсыңдар? Тренингтің өтуі?

Тәрбиеші болу - бақыт

ЖОЛДАСОВА АСЕМ ТОЛЕГЕНОВНА

Жамбыл облысы, Шу қаласы

«Астана» бөбекжай бақшасы КМҚК Тәрбиеші

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе - ас бер, он жыл қалғың келсе - ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе - бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие сіңіру, болашаққа жарқын бағыт-бағдар беру, келешекке кемел боларлық ақыл-парасат меңгерту аса жауапты іс екені мәлім. Сондықтан да жауапкершілік жүгі ауыр осынау қажырлы іске бой ұрған әрбір маман қоғам арасында үлкен құрметке ие болатындай дәрежеге иек артуға тиіс.

Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтандауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағанымға еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығына деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәнімен берілген жан ғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал әрі мағыналы, жемісті әрі нәтижелі еңбекте жатқандығын түбегейлі түйсіне алған әр адам биікке бастар жолдың қадірін салмақтай біледі. Қалаған ісіңе ғашықтық пейілмен қарай білсең, өмірден өз орныңды тапқандығың!

Мұндай философиялық қағида бағзыдан қалыптасқан жоғары адагершіліктік ұғымдармен астасып жатыр. «Кәсібің – нәсібің» дейді қазақ даналығы. Шын жүреппен қалаған кәсіп арқылы ғана және жемісті еңбек арқылы өмірлік несібеңді, абырой-беделіңді, қоғам алдындағы құрметіңді еселей аласың. Ал, тәрбиеші болу – айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет.

Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.

Педагог К.Гельвеций: «Тәрбиеші – балаларға ересек әлемге есік ашатын сиқыршы. Тәрбиешінің білімі мен біліктілігіне тәрбиеленушілерінің болашағы тәуелді», деген екен бір сөзінде.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені, біз жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз. Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты етудеміз. Даңқты қаһарман Бауыржан Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту» деп ескерткен болатын. Біз осынау қауіптің болмауына бас-көз болып, тіліміздің, діліміздің жас ұрпақ бойына бай әрі қазыналы қалпында сіңірілуіне күш салудамыз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымда он үш жыл болған екен. Қиындығы мен қызығы, ауартпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым - үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиеленушімнің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Тәрбиеші болу – әр балаға екінші ана болуға парапар еңбек. Анадай мейірім мен қамқорлық таныту, аялы сөздермен ілтипат білдіріп, ізгіліктерге бағыттау біздің күнделікті еңбегімізде өріліп жатыр. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл – бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнәмен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс. Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқыған жоқ», деген екен.

Ал В.Сухомлинский: «Баланың шығармашылық қабілеті мен дарынының бастауы - саусақ ұштарында», дейді. Осындай қағидаларды басшылыққа алған мен өз тәжірибемде: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін бейнелеу өнері арқылы дамыту» тақырыбы бойынша жұмыс жүргізудемін. Тәрбиешілік жолдағы басты мақсатым - бейнелеу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың конструктивтік, танымдық, шығармашылық, іскерлік қабілеттерін дамыту.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деген рухани адамгершіліктің қалыптасуына серпін беріп, негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асуы мүмкін емес, сондықтан оны еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет.

Халқымызда «Жас келсе - іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп ұлы ой айтқан болатын. Біз бақшадағы бүлдіршіндерді жақсылық атаулыға тәрбиелеуге, тамаша ортада тәлімді тәрбие беруге әрдайым жауаптымыз.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», дейді ғұлама А.Құнанбаев.

Мұндай қағидалардың барлығы біздің күнделікті жұмысымызда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпай, еңбегімізді осы бағытта құрамыз. Он жылдан аса тәрбиешілік еңбекте жүріп түйгенім – тәрбиешілік еңбекке мен басыбүтін бой ұсынып, әбден қалыптастым. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

«Ұстаз... Жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көреген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарын да, жат адамдарды да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деп, Әл-Фараби айтып өткендей, біздің балабақшаның тәрбиеші-педагогтары осы қабілеттерді ұстаздық жолында бірге алып жүрген жандар деп айтсам қателеспеймін. Біздің балабақша ұжымы аз ғана уақыт ішінде биік белестерден көрініп жақсы жетістерге жетіп, еліміздің болашағы кішкентай бүлдіршіндерді тәрбиелеуде.

Жұмысымдағы алдына қойған түйінді мәселем - балалардың танымдық қабілетін жан-жақты дамыту, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзі сенімін нығайту және де ана тіліне деген сүйіспеншілікті ояту.

Мемлекеттік стандарт талаптарын орындау барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің саяхат, ойын, пысықтау, кіріктірілген түрлерін жиі қолданып, жақсы нәтижелерге жету

Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсыновтың «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» деген пікірінде үлкен ой жатыр.

АРНАЙЫ КӨЛІКТЕР. ЖҮК ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІКТЕРІ.

АБДУЛЛАЕВА САНДУҒАШ ЕСЕНҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

№ 20 «Ақбұлақ» бөбекжайы тәрбиеші

Білім беру саласы: Әлеумет

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: Қоршаған ортамен танысу

Мақсаты: Арнайы көлік түрлерінің не үшін қажет екенін түсіну: арнайы көліктер мен жай көліктердің мақсатын ажырата білу. Арнайы көліктердің қызметі туралы айта алу, көліктерді топтай білу.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көлік түрлерін ажыратады, олардың атқаратын қызметін айтып береді.

Игереді: өрт сөндіргіш машина, жедел жәрдем, жол полициясы көліктерінің арнайы көлік түрлеріне жататынын, көлік түрлерінің қажеттілігін.

Меңгереді: олардың қызмет сапасын бағалауды.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: тақырыпқа арналған демонстрациялық суреттер, көліктер туралы слайд, ойыншық машиналар.

Кіріспе бөлім	Шаттық шеңбері Кәне, достар тұрайық, Шеңберімізді құрайық. Жақсы-жақсы тілектер, Бір-бірімізге сыйлайық! -Балалар бір жылда неше жыл мезгілі бар? -Олар қалай аталады? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінде неше ай бар? Атап беріңдерші? -Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр
	Жұмбақтар: Құс сияқты құс емес, Жүрсе де тым биікте. Қақпайды бір қанатын, Жүрсе де тым биікте. (Ұшақ)

Негізгі бөлім	Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. (Қайық) Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды. (Машина) Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде қоршаған ортамен танысу .Тақырыбы: Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері. -Олай болса бүгінгі оқу қызметіміз көліктер туралы болмақ. -Көліктер 3топқа бөлінеді: 1-суда жүзетін, 2-әуеде ұшатын,3-жерде жүретін. Суда жүзетін көліктерге кеме,қайық ,катер жатады.Теңіз бетінде адамдарды тасымалдайды,жүк тасымалдайды. Әуеде ұшатын көліктерге ұшақ ,тікұшақ, әуе шары жатады.Олар адамдарды алыс жерлерге тасымалдау үшін қажет.Жерде жүретін көліктерге: машина,жүк көлігі,автобус,тралевбус,трамвай,поезд бұлардың барлығы жәй көліктер.Сонымен қатар арнайы көліктер де болады. Арнайы көліктерге:жедел-жәрдем,жол полициясы,өрт сөндіру көлігі жатады. Әр көлікке тоқталып мағлұмат беру. Бағдаршам туралы мағлұмат беру. Сергіту сәті: Бип,бип,бип дейді Жолдан былай кет дейді Күшікті басуға ,басуға Болмайды,болмайды. -Балалар көлік туралы кім тақпақ біледі? Үлкен болып өскенде, Машина алам мен де Бірақ ол үшін әрине Оқу керек күнде де. Төрт аяғым дөңгелек Адамсыз мен жүрмеймін Барлық жерге жеткізіп Қаласаңыз апарам.
---------------	--

	-Жарайсыңдар! Ендеше алдымыздағы қима суреттерді құрастырамыз. Ненің суреті құрастырдыңыздар? Әр баладан қандай көлік түрін құрастырғаны жөнінде сұрап,қандай қызмет атқаратынын қай жерде жүретінін сұрап,жауап алу. Бағдаршам туралы тақпақтар: Жолды кесіп өтуге мен қамдансам, Қиылыста қарсы алады бағдаршам. Менікіндей екеу емес,үш көзді, Әр көзінің түсі бөлек аңғарсаң. Апса кезек үш көзін, Айтады деп үш сөзін: Тоқта! Сақтан! Жол ашық! Жүрме жолға таласып Ойын: «Бағдаршам» Ойын шарты: Бір бала бағдаршам болып тұрады, Бағдаршамның қызыл түсін көтергенде балалар бір қадам артқа жүреді. Сары түсін көтергенде бір орында тұрады.Жасыл түсін көтергенде Бір қадам алға жүреді.
Қорытынды	- Балалар , көліктер неше топқа бөлінеді екен? - Көліктердің бізге берер пайдасы қандай? - Арнайы көлік пен жай көліктің айырмашылығы қандай екен? - Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі сендерге ұнады ма? - Бүгін барлықтарың сабаққа жақсы қатыстыңдар! Жарайсыңдар!

БІР ЖЫЛДА НЕ ҮЙРЕНДІК

ДОСБЕРГЕНОВА ГУЛНУР СЕЙСЕНГАЛИҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

№ 20 «Ақбұлақ» бөбекжайы тәрбиеші

Білім беру саласы: Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеумет

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: Сөйлеуді дамыту

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың білім, білік, дағдыларын қорытындылау, жыл бойы меңгерген білімдерінің деңгейін бақылау.

Дамытушылық: ойлау қабілеттерін, зейінін, тіл байлықтарын дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: тақырыпқа арналған демонстрациялық суреттер, слайд, ақ қағаз, қайшы, желім, түрлі-түсті қағаз.

Кіріспе бөлім	Шаттық шеңбері Алақанды ашайық, Күннің көзін салайық. Таза ауаға қол сермеп Жүрек жылуын салайық, Мейірімділік жылуын, Қонақтарға шашайық! Сәлеметсіздер ме! Здрастуйте! Good morning -Балалр бір жылда неше жыл мезгілі бар? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктемнің ерекшеліктерін атап беріндерші -Көктем туралы кім тақпақ біледі?
	Ғажайып сәт: -Балалар, мына жерде бір қорап тұр, бұл не болды екен? Хат келіпті, қояннан екен. Хатты оқып беру. Қоян бізден көмек сұрапты балалар, қасқыр оның көжектерін тұтқынға алып кетіпті. Егер де сендер осында берілген

Негізгі бөлім	тапсырмаларды орындасандар, қасқыр көжектерін қайтарады екен. -Қоян сүтқоректі жануар. Ол көбінесе орманды қырлы таулы, далалы жерлерде жүргенді ұнатады. Қоянды үйде ұстап бағуға да болады. Қоянның түсі күзде сұр, ал қыста ақ түске енеді. Оның сүйікті асы сәбіз. Ол өте жылдам жүгіретін жануар. -Қоян туралы кім тақпақ айтады? -Жарайсыңдар, балалар, қоянға көмектесуге дайынсыңдар ма? -Олай болса тапсырма орындауға кірісейік. 1-тапсырма Себетте неше неше көжек бар. Есептеп шығару. 2-тапсырма: Салыстыр. Көжектер мен сәбіздерді санап, салыстыру. 3-тапсырма: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. Сергіту сәті Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. 4-тапсырма: Сәбіз жапсыру. Түрлі-түсті қағаздан сәбіз пішінін қиып жапсыру. 5-тапсырма: Ертегі кейіпкерлерін тап. Ертегі суреттерінен жетіспейтін ертегі кейіпкерін тауып орнына орналастыру. Дидактикалық ойын: «Қауіпті заттарды ажырат.» Өмірімізге қауіпті заттарды, қауіпсіз заттардан ажыратып тақтаға ілу.
Қорытынды	-Балалар, бүгінгі оқу-қызметіне өте жақсы қатыстыңдар! -Жарайсыңдар, тапсырмаларды да өте жақсы орындадыңдар. -Қоян сендерге алғысын білдіріп жатыр. Сендердің көмегіңізбен ол көжектерімен қайтадан қауышты!

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ереже бойынша тапсырма орындауды.

Игереді: Толық сөйлеммен немесе тапсырмаға сәйкес нақты жауап беруді.

Меңгереді: Сандарды тура және кері санауды.

АЛТЫН КҮЗ

ҚАРЖАУБАЕВА РАУШАН КЕЛДИБАЙҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

№ 20 «Ақбұлақ» бөбекжайы тәрбиеші

Мақсаты: Балалардың бойына күз мезгілінің ерекшеліктерін, іскерлік қарым-қатынас, белсенді еңбекті қалыптастыру. Балаларды еңбек сүйгіштікке, табиғатты қорғауға, диқан еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Зал мерекеге сай безендірілген. Балалар залға музыка әуенімен кіреді

Жүргізуші: Армысыздар ағайын! Сәлеметсіздерме, құрметті қонақтар, Ата-аналар!

Алтын күз мерекесіне арналған ертенгілігімізге қош келдіңіздер!

Тілегім аман болсын ел іргесі,

Алтын күз қайта келді берекесі

Молшылықтың жаршысы бола білді

Алтын күз-ырыс береке, бірлік ала келді.

Маржан: Қарашы күз келді, күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

Өркен: Алтын, сары, қызыл, көк

Алуан алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

Перизат: Жайдары күз, жомарт күз,

Аяулы күз, алтын күз.

Дөнге толы кең далам

Дариядай шалқып жүр.

Осы кезде сырттан шу естіледі:

Жүргізуші: Балалар мынау қандай шу

Ортаға жемістер мен көкөністер дауласса кіреді.

Жүргізуші: Қойыңдар бұл дауларыңды, біз мұнда мереке тойлауға жиналып отырмыз.

Қызанақ: Піскен кезде қызанақ

Көз тартар қызыл түсімен.

Мен адамдарға ең қажетті көкөніспін. Менсіз олардың дастарханының сәні кірмейді. Бірінші орынға мен лайықтымын.

Қарбыз: Мен қарбызбын, қарбызбын,

Балдай тәтті қарбызбын. Жоқ менің дәмімдей дәм ешқайсыңда жоқ, мені бүкіл балалар өте қатты сүйіп жейді. Сондықтан бірінші орын менікі.

Алма: Мен алмамын, алмамын

Таңдай жұлар бар дәмім.

Сендер қателесіп тұрсыңдар, адамдар үшін менен асқан дәмді нәрсе жоқ. Олар менің піскенімді асыға күтеді.

Осы кезде маңғаздана қияр сөйлейді:

Мен қиярмын, қиярмын

Асқа дереу даярмын.

Сендер солай таласып тұра беріңдер, ал менен асқан дәрумендерге бай ешқайсысың жоқ. Бұл орынға таласпай ақ қоюларыңа болады. Бұл орын менікі.

Шие: Мен шиемін, шиемін

Басымды мен иемін.

Бұл орын менікі. менің дәмім де сыртқы келбетім де осы орынға лайықты.

Өрік: Көктемде ерте гүлдеймін,

Кешігуді білмеймін,

Піспей тұрған кезімде,

Меннен аулақ жүр деймін.

Уылжыған өрікпін,

Мен бау баққа көрікпін.

Бірақ көкөністер мен жемістер тыңдай қоймайды дауларын әрі қарай жалғастыра береді.

Жүргізуші: Қап мыналарды не істесем екен мерекеміздің шырқын бұзды ау.

Күз ханшайымын шақырайын, мүмкін сол көмектесіп қалар.

Ортаға Күз ханшайымы келеді. Амандасады.

Жүргізуші: Күз ханшайымы келгенің жақсы болды. Мынау көкөністер мен жемістер дауласуларын қояр емес төрелігін өзің айтшы.

Күз ханшайымы: Сонда сендер неге дауласып жатырсыңдар?

Қызанақ: Біздің қайсысымызға бірінші орын беретінін шеше алмай жатырмыз.

Күз ханшайымы: Оның несіне таласып жатырсыңдар, сендер барлығың бірдейсіңдер. Адамдар үшін сендердің пайдаларың өте көп. Сендердің дәрумендеріңнің арқасында адамдардың денсаулығы мықты болады. Келіңдер оданда Алтын күз мерекесін бірге тойлайық. Балалармен бірге би билеп ән салайық.

Жемістер мен көкөністер келіседі.

Ән «Алтын күз»

Ұлжан:

Жерде жаңбыр жалтырайды
Жапырақтар қалтырайды
Көкте ай, күн балқымайды
Көлде аққу қалқымайды
Жел тұрудан жалықпайды
Күн жылытып жарытпайды
Жапырақтар жерге қарай

Қалықтайды, қалықтайды
Алмас: Сап-сары маңай,
Сап-сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Айкөркем: Қоңыр салқын тарады
Қойнаулар мен сайлардан,
Қаздар қайтып барады,
Қайтқан елдей жайлаудан.
Соңғы шуақ төгіліп,
Жалқынданып тұр аймақ
Ақ сәулеге шомылып,
Жапырақтар жүр ойнап.

Жүргізуші:

Қолшатырлар көбейіп,
Аспанды бұлт торлады.
Жаңбыр жауды сіркіреп,
Аспан жасы секілді.

Би «Қолшатыр»

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар билерің өте керемет шықты. Тақпақтарың да керемет.

Ән «Күз»

Жүргізуші: Балалар, ойын ойнағыларың келе ме? Олай болса келесі кезекті ойынға берейік.

Ойын: «Үнсіздік» Ойын шарты. Ойынға екі бала шығады, Бір балаға жасырын түрде суреттер көрсетіледі. Ол сол суретті ауызбен айтпай қимыл-қозғалыспен, мимикамен көрсетеді. Екінші бала сол суреттің не екенін табуы керек.

Нұргүл: Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

Жеміс-жидек пісті,
Қамбаға астық түсті.
Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып.

А.Амина: Көктен көзін бір алмай,
Қызғылт тартты кәрі күз,
Жер қызығын қия алмай,
Маужырап тұр сары күз.

Эльдар: Думан толы асқарлы
Күз мезгілі басталды.
Күз әуені кеп жетті,
Әнге бөлеп жастарды.

Нұрға бөлеп өмірді,
Жырға бөлеп көңілді,
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілді.

Би: «Бұлттар»

Ерболат: Осень наступила,
Высохли цветы,
И глядят уныло
Голые кусты.

Маржан: Даун,даун,
Даун,даун
Еллоу энд браун
Зе ливес а фалинг
Овер зе таун.

Жүргізуші: Күз ханшайымы енді балалармен бір ойын ойнайық.

Ойын: «Өнерлі балақай»

Ойын шарты. Балалар екі командаға бөлініп тұрады. Екі командаға төрт тапсырмадан беріледі, балалар тапсырманы орындайды. Көрсермендердің қол соғуына байланысты жеңімпаз команда анықталады.

Мирас: Жұлдыз туып таң алды,
Әнге орап ғаламды,
Сазды әуен шаттыққа
Бөледі бар адамды.

Әуенге еріп сиқырлы,
Айтылды ән боп сыр қилы.
Күзгі әуен жастардың
Жүрегіне нұр құйды.

Байбатыр: Нұрға бөлеп өмірді,
Жырға бөлеп көңілді,
Жарқыраған сәулелеі
Күз әуені төгілді.

Нұрасыл: Алқаптан бидайды
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатамын күзді мен.

Садуақас: Сары ала тон жамылған,
Күз атамыз секілді.
Қойны толы дәмді нан
Тәттісі көп не түрлі.

Би «Заманауи»

Ән: Кап, кап

Күз ханшайымы: Не деген керемет мереке болды, жемістер көкөністер сендер өз қателеріңді түсіндіңдер ме?

Жемістер мен көкөністер: Ия түсіндік

Күз ханшайымы: Сендер адамдарға бірде қажетсіңдер, әрқайсысыңның орындарың бөлек. Осыған көз жеткізуге көмектескен, бізге керемет көңіл-күй сыйлаған балаларға рахмет айтайық.

Жемістер мен көкөністер:Рахмет сендерге балалар

Жүргізуші:Сіздерге де үлкен рахмет айтамыз.Біздің балалармен би билеп өлең айттыңыздар,осы мерекенің қызықты өтуіне ат салыстыңыздар.

Көкөністер жемістер,

Денсаулыққа пайдалы.

Мұны жақсы біліңдер,

Оларды жақсы көріңдер.

Күз ханшайымы:Олай болса қонақтармен,балалармен қоштасайық.Сау болыңыздыр.

Жүргізуші:Күздің кереметі,байлығы өте көп.Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға,көкөністерге,жеміс-жидектерге толы болады,бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек.Сондықтан сендер еңбекшіл болыңдар.Қазіргі сендердің еңбектерің сабақ оқу. Міне құрметті Ата-Аналар мен балалар осымен Алтын күзге арналған ертеңгілігіміз аяқталды келесі кездескенше қош сау болыңыздар.

№ M00028

06.12.2021ж.

СИҚЫРЛЫ АЛТЫН КҮЗ

КАРАСАЕВА НУРБОЛҒАН ИВАНОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
№ 20 «Ақбұлақ» бөбекжайы тәрбиеші*

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой - қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата - аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі күз мерекесі құтты болсын. Сары алтындай сары күз себетке толы жемісін, қамбаға толы егінін сыйлайды.

Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс, береке, бірлік ала келді дей отырып, №4«Ботақан» ортаңғы тобының «Сиқырлы алтын күз» ертеңгілігімізді бастаймыз.

Балалар біздер бүгін қандай мерекені тойлауға келдік. (Күз мерекесін)
Жарайсындар балалар ендеше күз ертеңгілігіне арналған тақпақтарымызға кезек берейік:

Сүйген:

Күздің қазан айында
Алма, алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр, сыбдыр түседі.

Жаннұр:

Келді міне күз,
Айнала сары түс
Керемет тамаша
Қандай әсем күз

Мүслим:

Алақай, алақай
Шаттан балақай
Күз түсті, дән пісті
Айтамыз алғысты

Х.Амирхан:

Жапырақ ұшты
Суық та түсті
Сонда да бізге
Қызық көп күзде

О.Айсұлтан:

Алтын нұрдай тамшылап
Жапырақтар төгіледі
Біздің өмір таң шуақ
Біздің өмір көңілді.

Олай болса, балалардың орындауында «Күз мезгілі басталды» әнін қабыл алыңыздар!

Қараңдаршы балалар! Бүгін біздің зал қандай әдемі! Жан-жақтан түрлі түсті жапырақтар ұшып келді! Бүгін біздерге кім келеді қонаққа?

Балалар: Күз ханшайымы келеді!

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар! Ендеше барлығымыз «Күз ханшайымын» қол соғып қошеметтеп қарсы алайық

(Әдемі музыка мен залға Күз ханшайымы кіреді.)

Күз: Сәлем өрең достарым!

Өмірге көп қосқаным!

Молайтыңдар шаттықты,

Ән айтыңдар бақытты!

Амандасады. Сендердің дауыстарыңды, әдемі әндеріңізді естіп келдім.

Тәрбиеші: Құрметті Күз ханшайымы! Біздің ортамызға қош келдіңіз! Біздің балалардың өнерлерін отырып тамашалаңыз. Бүлдіршіндеріміздің мерекеге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Санжар:

Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді

Қабыл:

Көрініп еліме
Күндері мереке
Келді ғой жеріме

Күз дейтін мереке

Ғ.Айсұлтан:

Сап-сары маңай

Сап-сары тоғай

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып

Жанель:

Жеміс мол теретін

Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін

Жомарт екен күз деген

Раяна:

Алтын сары қызыл көк,

Алуан,алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап

Әбдірахман:

Ой балалар балалар,

Қоңырқай күз келді,

Гүл жапырағы солыпты,

Ел егінін орыпты.

Әмина:

Жаздай күткен бәріміз,

Сары алтындай сары күз,

Алтын ұя бақшада,

Ойын бастар шағымыз.

Айбат:

Қуандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Тәрбиеші:

Күз ханшайымы біздің биші балаларымыздың «Жапырақтар» биін қабыл алыңыздар ортаға (Барлығы)

Би: «Жапырақтар»

Тәрбиеші:Ендігі кезекті тақпақтарға береміз.

Мариям:

Күзім ау,күзім ау

Мінезің бұзық ау

Жаңбырың сіркіреп

Келгенің қызық ау

Дәулет:

Көбейді құт береке
Астық толы қоймамыз
Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз

Рамазан:

Осень осень золотая
Хорошо что ты пришла
Ты и яблок,ты и меду
Ты и хлеба принесла.

Нұрила:

Жайдары күз,жомарт күз
Аяулы күз,алтын күз

Әли:

Ән салындар,күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер
Күздің тойын тойлайық
Би,билейік ойнайық

Қ.Омар:

Нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді.
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілді.

Тәрбиеші:

Жарайсыңдар балалар енді күз ханшайымына арнап «Күзгі вальс»әнімізді айтып берейік.

Ән :«Күзгі вальс»

Балалардың тақпақтарына кезек берейік:

Ханиф:

Тоңазып атырап
Көп жеміс піседі
Сарғайып жапырақ
Саудырап түседі.

Хафиз:

Біреу астық түсіріп
Біреу бидай ұшырып
Жатқан мезгіл күз екен
Алдым соны түсініп

Хантай:

Ақтарады мырза күз
Уылжыған жемісті

Күзге бізде ризамыз
Аянбаған ел үшін
Әміржан:
Әуенге еріп сиқырлы,
Айтылды ән боп сыр қилы.
Күзгі әуен жастардың
Жүрегіне нұр құйды.

Ислам:
Соңғы шуақ төгіліп,
Жалқынданып тұр аймақ.
Ақ сәулеге шомылып,
Жапырақтар жүр ойнап.

Ойын: «Қолшатыр ойыны»

Ойын шарты: Оқушылар шеңберге тұрып әуен ырғағымен іс-қимыл арқылы қолшатырдан айналып жүреді. Ал, әуен тоқтап қалған кезде оқушылардың міндеті ортадағы қолшатырды бірінші болып алу, кім қолшатырды алуға үлгермейді сол ойыннан шығады. Ең соңында қалған оқушы жеңімпаз атанады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар,

Күз: Рахмет, балалар, сендерге! Қандай тамаша, өнерлі балалар! Мерекеге өте жақсы дайындалған, енді мен өзімнің достарыммен кетуім керек. Сендерге әкелген сыйлықтарымды қабыл алыңыздар.

Тәрбиеші: Күз ханшайымы сізге көп-көп рахмет, сауболыңыз. Балалар бүгін сендер барлықтарың өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар.

Осымен бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтаймыз қош сау болыңыздар!

ЕЛІМНІҢ ЕРКІНДІГІ - ТӘУЕЛСІЗДІК

ТУЙЕШИЕВА ТУРСЫНАЙ ҚАДЫРБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
№ 20 «Ақбұлақ» бөбекжайы тәрбиеші.*

Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар, ата-аналар «Балдырған» тобының «Елімнің еркіндігі-Тәуелсіздік» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Елім менің, тәуелсіз жерім менің.

Күннен алған шуақты өмір демін.

Рухым ұлттық өсіпті өлместей боп,

Көк байрағың төбемнен көрінген күн.

Құрметті меймандар, бүгінгі салтанатты мерекемізді еліміздің әнұранымен бастайық.

Ән: Мемлекеттік әнұран.

Қазақстан рәміздері, қалалары туралы слайд көрсетіледі.

Жүргізуші: Балалар, бүгінгі тұңғыш Президент күніне және еліміздің тәуелсіздігіне арналған тақпақтарымызды айтайық.

Думан: Шықты тарап ой-данадан

Бері қарады жұлдыз беті

Өзі қалап, сайлап алған,

Елімнің бар Президенті.

Ол да аямай жанды салды,

Жету үшін мұндай сыйға

Нұрсұлтан Назарбаев-Ел басшысы

Көгіңдегі тудай сыйла.

Хализа: Тәуелсіздік-

Менің байтақ Отаным.

Бір өзіңсің Мұхтар, Абай, Шоқаным.

Тәуелсіздік-сәбиімнің күлкісі,

Тәуелсіздік-ақ батасы атамның.

Жүргізуші: Балалар, бізде тәуелсіздік күні қай күні тойланады?

Балалар: Он алтыншы желтоқсан күні

Жүргізуші: Жарайсыңдар, олай болса тақпақтарымызды жалғастырайық.

Айзада: Он алтыншы желтоқсан-

Тәуелсіздік алған күн

Мерекені ел тосқан,

Атамменен барған күн

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Мерекеде ел тосқан
Шырқатып ән салғанмын.

Құндыз: Он атыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Ерекше болып мәңгілік,
Ел жанында қалған күн.
Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой.
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік ұлы той.

Жүргізуші: Балалар, отан туралы қандай мақал-мәтелдер білеміз?

Аружан: Отансыз адам, ормансыз бұлбұл.

Көркем: Ата қоныс- алтын мекен.

Ән: «Менің достарым»

Жүргізуші: Ал енді балалар, Отанымыз, туған жеріміз туралы тақпақтарымызды жалғастырайық.

Әлижан: Бақыт елі-бұл Отан
Бұл Отанды сүйемін
Біздің Отан-Ұлы Отан
Мен Отанды сүйемін

Омар: Отан туған үйіміз
Отан-туған жеріміз
Отан ортақ үйіміз
Отан-ән мен күйіміз.

Толғанай: Ен даласын егін жапқан,
Бар баласы бақыт тапқан.
Менің елім туған жерім
Күн сәулелі Қазақстан.

Ғибрат: Әнұраны елімнің
Шақырады бірлікке.
Егеменді халқымның
Бәйтерегі бірлікте.

Гүлнұр: Елтаңбасы елімнің,
Ортасында шаңырақ.
Мемлекетік туымнан,
Күн шығып тұр жарқырап.

Би:

Сауат: Алтын таңның аясында
Бақытты өскен баламыз
Еркін өмір, шат заманда
Шырқап әнге саламыз.

Жансезім: Көк байрағы бабамның,
Бүгінгі ұрпақ алауы.
Тірегі әке баланың
Қазақстан жалауы.

Ислам: Бақытты боп жүргенім,
Сенің арқаң Қазақстан.
Елім менің- тірегім
Құшағыңда гүл атам.

Қадыржан: Сарқылмайтын қуатым
Тірегімсің- Қазақстан
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің Қазақстан.

Ән: «Қасиетті домбыра»

Жүргізуші: Балалар, біздің еліміздің астанасы қай қала?

Балалардың жауабы.

Жүргізуші: Ендеше, әсем қала Астанаға арналған тақпақтарымызды айтайық.

Жанасыл: Гүл жайнаған Астана-
Қазақстан Отаны.
Бірін-бірі сыйлаған
Туысқандар Отаны
Азаматқа лайық
Отанымның ұлымын.
Отанымды қорғайтын
Азаматтың бірімін.

Лейла: Отанымның төрінде,
Сарыарқаның өрінде.
Ту ұстаған Астанам,
Әсем қалам- бас қалам!

Інжу: Гүлзар баққа оранған
Күннен киіп бөрікті.
Аққудайын таранған,
Астана әдемі, көрікті.

Ұлдай: Елтаңбасы- елімнің,
Елдігімнің белгісі
Мұнда да бар ерлігім,
Мұнда да бар жер күші.

(Ортаға садақтың жебесі түседі).

Жүргізуші: Балалар, мынау кімнің жебесі болды екен. Бұл мергеннің садағының жебесі ғой. (Мерген кіреді).

Мерген: Сәлеметсіздер ме балалар? Менің жебем сіздерге қарай ұшып кетті. Бұл не думан?

Жүргізуші: Біздің балабақшамызда тәуелсіздік мерекесі және тұңғыш президент күні өтіп жатыр, төрлет Мерген, қонақ бол. Сен қалай мерген атандың соны айтшы.

Мерген: Мен кішкене кезімнен асық атып жүріп, мерген атандым. Келіндер балалар, сендерге де үйретейін.

1. «Асық ату» ойыны

2. «Қанталапай» ойыны.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, осымен біздің ертеңгілігіміз аяқталды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

КАЛІМАНОВА НАЗИРА ЕЛУБАЕВНА

Қызылорда облысы «Күнім-ай» мемлекеттік емес білім мекемесі әдіскері

Мақсаты: Патриоттық тәрбие мәселелері бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы педагогтардың білімдерін жүйелеу. Мектеп жасына дейінгі балалардың туған елінің тарихи-табиғи ерекшеліктеріне негізделген отбасына, қаласына, табиғатына, мәдениетіне деген патриоттық көзқарастары мен сезімдерін қалыптастырудың заманауи талаптары туралы тәрбиешілердің білімдерін бекіту, өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына деген құрметі, өзге ұлт өкілдеріне төзімділікпен, сыйластықпен қарауы.

Өткізу формасы: «Дөңгелек үстел»

Педагогикалық кеңеске алдын ала дайындық жұмыстары:

- Тәрбиешілерге арналған тақтада жоспарланған педагогикалық кеңес туралы ақпарат парағын жасау
- «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру тобының қоршаған орта жағдайын талдау» жедел бақылау жүргізу.
- «Патриоттық тәрбие» әдістемелік кабинетінде тақырыптық көрмені безендіру (әдебиеттер, тәжірибелер, әдістемелік әзірлемелер, оқу құралдары).
- Тәрбиешілерге кеңес өткізу: «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру» (әдіскер).
- Мектепалды даярлық топтарында «Отбасымның Елтаңбасы» тақырыбында сайыс өткізу.
- «Балаға патриоттық тәрбие беру» тақырыбы бойынша ата-аналар арасында сауалнама жүргізу.
- «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру бойынша менің жұмыс жүйем» тәрбиешілерге сауалнама жүргізу.
- Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудегі педагогтың жұмысын талдау» тақырыптық бақылау жүргізу.

Күн тәртібі

1. Кіріспе. Педагогикалық кеңес тақырыбының өзектілігі. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш мектеппен сабақтастықтың заманауи жағдайында балалармен оқу қызметін

ұйымдастыру. Бәріміз жас ұрпақты азаматтық, патриоттық рухта тәрбиелеудің маңыздылығын жақсы білеміз. Патриоттық сезім өздігінен пайда болмайды. Бұл адамға өте ерте жастан бастап ұзақ мерзімде мақсатты тәрбиелік ықпал етудің нәтижесі. Педагогика классиктерінің Я.А.Каменский, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский өз еңбектерінде патриоттық тәрбие тақырыбын көтерді. Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский, Е.И. Водовозов балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуді мектепке дейінгі жастан бастау керек деп есептеді. Қ.Д. Ушинский білім беру жүйесін халықтың тарихы, оның материалдық және рухани мәдениеті жасайды деп есептейді. Патриоттық тәрбие процесінде мектепке дейінгі және бастауыш білім арасындағы сабақтастық орасан зор рөл атқарады. Үздіксіздік ұғымы кең мағынада түсіндіріледі – әрбір жас кезеңі үшін жалпы және нақты мақсаттары бар баланы тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі ретінде, яғни. - бұл дамудың әртүрлі кезеңдері арасындағы байланыс, оның мәні жаңа күйге өту кезінде тұтас немесе жеке белгілердің белгілі бір элементтерін сақтау болып табылады. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру» тақырыбы бойынша оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен ұйымдастыру үлгілерін жасау және сынау мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дәйекті дамуына ықпал етеді.

2. Патриоттық тәрбие бойынша жұмысты дұрыс құру үшін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алып, құжаттарды негіздеу.

3. Төртінші мәселе бойынша «Халықтардың салт-дәстүрлері мен мәдениеті...» тақырыбында адамгершілік-патриоттық тәрбие беру жобалары бойынша елдерді таңдау және белсенді талқылау. (таңдалған елдің атауы). Осы жоба аясында не істеу керектігі талқыланып, жобаларды қорғаудың шамамен мерзімі белгіленді.

4. Педагогикалық кеңестің алдында «Баланы патриоттыққа тәрбиелеу» тақырыбында ата-аналар мен педагогтар арасында сауалнама жүргізіліп, ересек және мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиешілердің жұмысын тақырыптық тексеру және бағалау жүргізілді.

Ата-аналардан анонимді түрде келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылды:

- «Патриоттық тәрбие» дегенді қалай түсінесіздер?
- Балабақшада патриоттық тәрбие мүмкін бе?
- «Патриот болу» сөзі нені білдіреді деп ойлайсыз?
- Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде басты жауапкершілік кімге жүктеледі деп ойлайсыз?
- Сіздің ойыңызша, қазіргі қоғамда отбасы шежіресімен танысу тақырыбы өзекті ме?
- Сіздің үйіңізде отбасылық дәстүрлер бар ма? Қайсысы?

5. Педагогикалық кеңестің шешімі:

- 1) Мектеп жасына дейінгі және ересек жастағы балаларды патриоттыққа тәрбиелеу бойынша тәрбие жұмысының күнтізбелік және перспективалық жоспарын талдау.
- 2) Оқу жылына арналған жыл сайынғы міндеттердің бірі ретінде мынадай тапсырма алынсын: «Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының мәдениетінің бастауларымен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру».
- 3) «Халықтардың дәстүрлері мен мәдениеті...» тақырыбында жобалар бойынша шеберлік сыныбын өткізу. Жобаларды құру үшін жинақталған практикалық материалды қорытындылау.
- 4) Ата-аналарға кеңес беру: «Балаңызбен қайда бару керек?», «Бос уақытыңызды қалай өткізуге болады?».
- 5) Ересек және мектепалды даярлық топтарында «Мен және менің Елордам» сайысын өткізу. Байқау шарттары: балалар мен олардың ата-аналарының қаладағы сүйікті орындарының фонындағы, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлерінің фонындағы шағын әңгімелері мен фотосуреттері.

БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

СЕЙФУЛЛА БЕКЗАТ ЕРБОЛҚЫЗЫ

Қызылорда облысы «Күнім-ай» мемлекеттік емес білім мекемесі тәрбиеші.

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету. Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету

енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім

беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.

6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын. Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын - жаттығу ретінде өткізіп жүрмін.

«Балалар тоғайға жеміс - жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө - мө - мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыздар?» дейді.

- Балалар: - Орманға жидек теруге бара жатырмыз

Деп жауап береді.

Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды.

Тоқылдақ балаларды көріп «тық - тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ - шиқ» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар - қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек - көкек» деп қалыспайды.

Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі. «Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын - жаттығудың мақсаты ертегі мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып

беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

Психологиялық тренинг «Мен таңдаған өмір»

ТУКЕШОВА АРАЙЛЫ САПАРБАЙОВНА

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аралқұм ауылы.

№ 61 орта мектебінің Педагог-психологы

Мақсаты: Оқушыларға өмір ұғымын түсіндіре отырып, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар туралы ақпарат беру.

Күтілетін нәтиже: балалардың өмірге деген құштарлығын, қызығушылығын ояту.

Тренинг жоспары:

1. Кіріспе сөз. Психолог сөзі.
2. «Ойланып көрейік» жаттығуы.
3. «Орын ауыстырайық» сергіту жаттығуы.
4. «Бұлттар» жаттығуы.
5. «Алтын балық» жаттығуы.
6. Рефлексия. «Күн сәуелесіне шуақтап...».
7. Қорытынды.

Тренинг ережесі:

- Тыңдау әдебін сақтау;
- Өз пікірін ашық білдір;
- Ашық, көңілді болу;
- Белсенділік таныту;
- Сыйластықта болу;
- «Мен» принципін ұстану;
- «Мұнда және қазір» болу.

1. Кіріспе сөз. Психолог сөзі. Әрбір адам - өмірге келген қонақ. Өмір өте мәнді, мағыналы, мазмұнды өтуі үшін «қамшының ғана сабындай қысқа өмірде «адамдардың бір - бірімен сыйластықта болғанына не жетсін!

Жан – жағымызға мұқият қарасақ, айналамызда күйбең тіршілік жүріп жатыр.

Адамдар еңбек етуде, жұмысқа бара жатады, жұмыстан қайтып жатады.

Демалады, қонаққа барады, алға қойған мақсаттарына жетіп, басқа бір мақсаттар қойып жатады. Кейбіреулер болса қайғы - мұңды бастарынан өткеріп жатады. Ал, кейбіреулер не үшін өмір сүріп жүргендерін, қиындықтардан қалай құтылу керектігін білмей өмірден түніліп жатады. Бұл - өмір. Қалтарыстары мен қиындықтары көп осынау өмірде адамдар бір – біріне және өздеріне мейіріммен қарап, ізгі ниетпен жақсылық жасай білу керек. Сол қиындықтарды

жеңу жолдарын іздеп, алға қойған мақсаттарына жете білулері әркімнің өзіне байланысты екен.

Олай болса, бүгінгі тренингіміз осы өзіміз таңдаған өмірімізде мәнді де, мағыналы өмір сүру әрқайсысымыздың өз қолымызда. Бүгін, тренинг барысында өзіміз сүріп жатқан өмірді танимыз, өзімізді танимыз деп ойлаймын.

2. «Ойланып көрейік» жаттығуы.

Мақсаты: Өмір туралы ұғымдарын дамыту.

Уақыты: 5 минут

Нұсқау: Төменде берілген сұрақтарға өз ойларыңды плакатқа жазып, дәлелдендер. (қатысушылар іштей үш топқа бөлінеді).

1) Адам не үшін өмір сүреді?

2) Өмірден өз орнын табу деген не?

3) Өмірде үлкен табысқа жету үшін адам бойында қандай қасиеттер болу керек?

3. «Орын ауыстырайық» сергіту жаттығуы.

Бұл ойында оқушылар шеңбер болып отырып, бір оқушы ортада тұрып «Кім ата-анасын жақсы көреді», «Кімге мектеп ұнайды» т.б. сондай сипаттамалар айтады. Сол кезде оқушы өзіне сай сипаттама болса орнынан тұрып, басқа бос орынға отырады. Ортадағы оқушы да бос орынға отырып алады. Келесі оқушы да сол сияқты сипаттамалар айтады. Солай ойын жалғасады.

4. «Бұлттар» жаттығуы.

Бір-бірімізді жақын тану үшін әрбіреулеріңе бұлттар алуды ұсынамын. Әр оқушы бір-бір бұлттан алып, сондағы аяқталмаған сөйлемді өз сөздерімен аяқтайды.

Үлестірмедегі сөйлемдер:

Маған бұл өмірдегі қымбат нәрсе...

Менің өмірдегі ең жақын адамым...

Менің өмірдегі ең қуанышты күнім...

Менің ең ренжіген күнім...

Менің өмірдегі ең қорқатын нәрсем...

Менің өмірдегі ең сенетін адамым...

Менің өмірдегі алға қойған мақсатым...

Психолог: Сөйлемді аяқтағанда қандай сезімде болдыңдар? Әрине әрқайсымыз қорқыныш, сенімсіздік, сәтсіздік сезімдерінен өттік. Ренжіген, нашар көңіл-күй немесе көңілсіздік болған шығар. Бұл сәтте қолдау мен сүйенішті қажет етеміз.

5. «Алтын балық» жаттығуы. Балаларға келесі сұраққа жауап беру ұсынылады: «Сіздің өміріңіз қызықты бола түсуі үшін алтын балықтан не сұрар едіңіз?»

6. Рефлексия. «Күн сәуелесіне шуақтап...».

Мақсаты: кері байланыс алу.

Қажетті құралдар: стикерлар және қаламдар, ватман. Қатысушылар шеңбер болып отырады.

Нұсқау: Сіздердің алдарыңызда күн бейнеленген плакат тұр. Көріп тұрғанымыздай, күнде шуақтары жоқ. Қазір сіздер осы плакатқа кішкентай парақшаларға тренингтен алған әсерлеріңізді, бір бірлеріне тілектеріңізді жазып, жапстырамыз. Қатысушылардың тренингтен алған әсерлері талқыланады.

Қорытындылау. Адамның ең қымбаттысы –өмірі. Ол адамға бір –ақ рет беріледі. Сондықтан оны «қайран босқа өткен жылдарым –ай» деп өкінбейтіндей, барлық күш –қуатыңды дүниедегі ең тамаша іске, адам баласын азат ету жолындағы күреске жұмсалады деп айтарлықтай етіп өткізу керек.



Әртүрлі сөйлеу бұзылысы бар балалармен жұмыс

ШАРАПАТОВА ГУЛЬЖАУХАР НУРЖИГИТОВНА

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аралқұм ауылы.

№ 61 орта мектебінің Педагог-дефектологы

Сөйлеу тілінің бұзылуы - қазіргі таңдағы кең таралған мәселелердің бірі. Кіші мектеп жасындағы балалардың сөйлеу тілінің бұзылуы оның психикалық дамуына, оқуда жетістіктерге жетуіне кері әсерін тигізеді. Сөйлеу тілінің бұзылуы тәрбиеленушілердің таным қабілеттерімен тығыз байланысты. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар зейіні тұрақсыз, ойлау қабілеті төмен, есте сақтау қабілеті нашар, тез шаршағыш болып келеді. Бұл санаттағы тәрбиеленушілердің сабаққа деген қызығушылығы төмен. Сөйлеу тілін дамыту балаларды оқу үрдісіне қызықтырумен тығыз байланысты.

Ауыр сөйлеу бұзылыстары бар балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері баланың жеке басының қалыптасуына, барлық психикалық процестердің қалыптасуына әсер етеді. Балалардың бірқатар психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері бар, олардың әлеуметтік бейімделуін қиындатады және бар бұзушылықтарды мақсатты түрде түзетуді талап етеді.

Сөйлеудің ауыр бұзылуы мынандай топтарға бөлінеді:

- *сөйлеудің болмауы немесе дамымауы (алалия)*
- *сөйлеудің толық немесе ішінара жоғалуы (афазия)*
- *сөйлеудің айтылу жағын бұзу (дизартрия)*
- *дауыс тембрінің және дыбысты айтудың бұзылуы (ринолалия)*
- *тұтығу*

Сөйлеу қабілеті бұзылуының себептері әртүрлі болуы мүмкін, мысалы орталық жүйке жүйесінің перинаталдық зақымдаулары – ананың жүктілік және босану кезіндегі аурулары мен қиындықтары (ұрықтың гипоксиясы, құрсақ ішіндегі инфекциялар, шала туу, босану кезіндегі жарақаттар), артикуляциялық аппарат қызметінің ақаулары, есту қабілетінің зақымдануы, баланың жалпы психикалық дамуындағы артта қалушылық, тұқымқуалаушылық пен жағымсыз әлеуметтік факторлардың ықпалы. Дене дамуында ақаулары бар, ерте жасында ауыр ауруларға шалдыққан, әлсізденген, дұрыс тамақтанбайтын балалардың да сөйлеу қабілеті бұзылады.

Баланың сөйлеу тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Алайда, соңғы кездері балалар арасында сөйлеу тілінің бұзылуы жиі кездесетін құбылысқа айналып барады.

Ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым педагогтарының алдында тұрған басты мақсат :

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;

Кіші мектеп жасындағы балалардың сөйлеу тілінің бұзылуы оның психикалық дамуына, оқуда жетістіктерге жетуіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сөйлеу тілінің бұзылуы тәрбиеленушілердің таным қабілеттерімен тығыз байланысты. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар зейіні тұрақсыз, ойлау қабілеті төмендеген, есте сақтау қабілеті нашар, тез шаршағыш болып келеді. Бұл санаттағы тәрбиеленушілердің сабаққа деген қызығушылығы төмен. Сөйлеу тілін дамыту балаларды оқу үрдісіне қызықтырумен тығыз байланысты. Сондықтан сөйлеу тілін дамыту үшін ең алдымен балаға оңтайлы орта қалыптастырып, сабаққа деген қызығушылығын арттырып, ынталандыру керек. Балабақша білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып табылады және балаларды мектепке дайындаудың маңызды қызметін атқарады. Дәл осы кезеңде бала бойында мынадай қасиеттерді дамыту өте маңызды:

- жалпы және ұсақ моториканы
- фонематикалық жүйені қалыптастыру
- сөйлеу тілін дамыту.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сөйлеудегі ең маңызды элементтер – есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу - перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің – дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Логопедиялық түзету – балалардың сөйлеу тіліндегі ақаулықты түзетуге және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Тіл кемістігі – балалар арасында қазіргі кезде көп тараған патологиялардың бірі болып саналады. Сондықтанда оларға кешенді көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру маңызды жұмыстардың бірі. Көмек медициналық тұрғыдан да, яғни емдік – сауықтыру шараларын ұйымдастыру мен қатар, тәрбиешілер мен арнайы педагогтар тарапынан біріккен түрде болғаны тиімдірек.

Күрделі сөйлеу бұзылысы бар балалармен жұмыстағы тиімді шаралар :

- Артикуляциялық жаттығулар
- Логоритмикалық жаттығулар мен логомассаж
- Тыныс алу жаттығулары
- Су-джок терапиясы
- Ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар

Артикуляциялық жаттығулар – дұрыс дыбыстауға қажетті артикуляциялық мүшелердің(еріндер,тіл,төменгі жақ) жаттықтыруына арналған жаттығулар. Бұл жаттығулар сөйлеуге қатысатын бұлшық еттерді дайындайды.

Тыныс алу жаттығуларының мақсаты баланың тілдік тыныс алуын дамыту. айтылған сөз дәлдігі, тазалығы және әсерлілігі тілдік тыныс алуға байланысты. Сондықтан да тілдік тыныс алуды басқара білуге үйрету қажет. Осы орайда тыныс алу гимнастикасы бойынша арнайы жаттығуларды ұсынуға болады.

Логопедиялық массаж – бет бұлшық еттерінің, нервтердің жұмысын белсендіруге арналған механикалық әдіс. Массаж сөйлеу бұлшық еттерінің күйін, қызметін қалыпқа келтіреді.

Логоритмикалық жаттығулар – сөзді, әуенді, қимылды біріктіру арқылы баланың даусын, тыныс алуын, тепе – теңдігін жақсартуға арналған жаттығу ойындар кешені.

Су-джок терапиясының практикадағы пайдалы қасиеттері:

- * Баланың ертерек сөйлеуіне ықпал етеді
- * Алақан мен табандағы нүктелерді қозғау арқылы,миға сигнал түсіреді
- * Сөздің анық, дұрыс шығуына әсері мол

Баланың тілін дамытуда **«саусақ» ойындарының** алар маңызы зор. Саусақ ойындарын тіл үйретудің қандай да бір әдісі ретінде атай алмасақ та, оның қызықты, әрі пайдалы іс екендігінде сөз жоқ. Танымал педагог В.А.Сухомлинский: «Балалардың ақылы саусақтың ұшында» деген екен. «Қол – бұл өз алдына сыртқы ми» деп жазады Кант.

Саусақ ойындары баланың миын дамытады, сөйлеу тілін, шығармашылық қабілетін, қиялын жетілдіреді.

Дегенмен, оң нәтижеге жету үшін отбасының, ата – анасының белсенді көмегі қажет. Сөйлеу дағдысын қалыптастыруда ата – анасыда қатысса жұмысымыздың тиімділігі арта түседі.

Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балармен жұмыс жасауда ата-аналарға, тәрбиешілерге әдістемелік нұсқау

1. Жаттығуларды баламен бірге орындау.
2. Барлық нұқсауларды жәй, мейірімді дауыспен, артық сөз қолданбай, нақты түсіндіру. Қажет болса балаға көмек көрсету.

3. Балаға жаттығуды ешқашанда мәжбүрлеп орындатпаңыз. Жаттығуды орындаудан бас тарту себептерін анықтауға тырысыңыз, оларды жөнге келтіріңіз, қажет болса тапсырманы өзгертіңіз.
4. Баланы қызықтыруда және жаңа материалды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуін, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпаңыз.

Осы жұмыстарды жүйелі жүргізу негізінде көздеген нәтижемізге жетеріміз анық.

Әрбір баланың бойында мүмкіншілігі мен ерекшелігі болады, тек оны ашып, қолдау көрсетіп, дамыту біздің қолымызда.

МАЗМҰНЫ

- БЕКБЕРГЕНОВА КУЛЬШАТ СЛАМГАЛИЕВНА
- НӘБИЕВА АЙДАНА
- ХАБЫЛ ЖАНАРГУЛЬ
- ШАЙҒАЛИЕВА ГУЛМИРА СЕМБАЕВНА
- НАЗАРБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ТҮГЕЛБАЙҚЫЗЫ
- ТОҚТАРБАЕВА ЖАДРА ЕРЛИКОВНА
- АҚТАНОВА ҚАРЛЫҒАШ ЕЛДОСОВНА
- ЖОЛДАСОВА АСЕМ ТОЛЕГЕНОВНА
- АБДУЛЛАЕВА САНДУҒАШ ЕСЕНҚЫЗЫ
- ДОСБЕРГЕНОВА ГУЛНУР СЕЙСЕНГАЛИҚЫЗЫ
- ҚАРЖАУБАЕВА РАУШАН КЕЛДИБАЙҚЫЗЫ
- КАРАСАЕВА НУРБОЛҒАН ИВАНОВНА
- ТҮЙЕШИЕВА ТУРСЫНАЙ ҚАДЫРБАЕВНА
- КАЛМАНОВА НАЗИРА ЕЛУБАЕВНА
- СЕЙФУЛЛА БЕКЗАТ ЕРБОЛҚЫЗЫ
- ТУКЕШОВА АРАЙЛЫ
- ШАРАПАТОВА ГУЛЬЖАУХАР НУРЖИГИТОВНА